

ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС



Кеше Франция Президенті Эмманюэль Макрон Қазақстанға ресми сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Эмманюэль Макронмен келіссөз жүргізді.

Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға ілтипат білдіріп, жылы қарсы алды. — Президент мырза, біз үшін бүгін үлкен оқиға. Сіздің сапарыңызды бәріміз құптаймыз. Менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық жақсы дамып келе жатыр. Дегенмен екіжақты қарым-қатынасқа тын серпін беру керек. Сондықтан сіздің сапарыңызды

тарихи, өте маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін. Оған ешқандай күмәнім жоқ, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның Еуропа Одағындағы басты және сенімді серіктесі, сондай-ақ ел экономикасының ірі инвесторының бірі екенін атап өтті.

Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстарға жоғары баға берген Эмманюэль Макрон Қазақстан Президентіне ресми сапармен келуге шақырғаны үшін алғыс айтып.

— Президент мырза, Астанаға келіп, Сізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Осы сапарды ұйымдастырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл сапар біздің екіжақты серіктестігіміз үшін маңыз-



ды жылмен тұспа-тұс келіп отыр. Бүгін біз өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасып, БҰҰ Жарғысын, соның ішінде аумақтық тұтастық, ұлттық тәуелсіздік қағидаларын сақтауға бейбілді екенімізді тағы да нақтылай аламыз. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылаймыз. Біз экономикалық тұрғыдан серіктес елдерміз. Сондай-ақ Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық-стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыта түсетін маңызды келісімдерге қол қоямыз. Сізбен жүздесіп, ортақ күн тәртібін талқылау мүмкіндігі туғаны үшін қуаныштымын, — деді Франция Президенті.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 30%-ға ӨСПІ, 4 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ

Мемлекеттер басшылары қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйін наму перспективаларын талқылады. Саяси диалогті нығайтуға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық,

көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Екіжақты кездесуден кейін мемлекеттер басшылары келіссөздерді екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Франция Президентінің Астанаға алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тын серпін беретінін және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жана деңгейге шығаруға мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

— Франция — Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі.

Былтыр өзара тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 4 миллиард долларға жетті. Биылғы сегіз айда екіжақты сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға артты, яғни 2,7 миллиард долларды құрады, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Франция бұған дейін ел экономикасына шамамен 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция салған. Энергетика, құрылыс, аэроғарыш, фармацевтика, тау-кен және химия өнеркәсібі, машина жасау салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронның өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға қосқан жеке үлесін ерекше атап өтіп, екі ел халықтарының игілігі жолындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға Қазақстанның дайын екенін жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

«ТҮРКІ ДӘУІРІ» БАСТАЛЫП КЕЛЕДІ

Қарашаның 3-ші жұлдызында Астанада түгел тәуелсіз түркі мемлекеттерінің басшылары бас қосады. Сөйтіп, Түркі мемлекеттері ұйымы басшыларының мерейтойлық саммитін ұйымдастыру Қазақстанның еншісіне жазылыпты. Саммит «Түркі дәуірі» дейтін ұранмен өтеді. Айбынды, бауырлас халықтардың болашаққа деген сенімін нығайтуға септесетін, әдемі нем әуезді ұран. Бәлкім мұндай ұранмен түркі баласының бас қоспағанына ғасырлар өткен шығар...

Әу баста «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» деп аталған, кейін «Түркі мемлекеттері ұйымы» болып өзгерген құрылымға мүше елдер басшыларының алғашқы саммиті 2011 жылы Алматыда өткен-ді. Биыл туыс елдердің басшылары бауырластықты айшықтайтын атауы бар саммитте оныншы рет бас қосады. Рас, «арада өткен 12 жылда қалай 10 рет саммит өтті, жыл сайын ұйымдастырылмай ма?» дейтін заңды сұрақтың туындауы хақ. Жай-жапсарын айтсақ, 2016 және 2017 жылдары бұл ұйымның саммиті ұйымдастырылмады. Ал соңғы алты жылда кезектісі бар, онлайн және төтенше жағдайға қатысты басқосу бар, әйтеуір бұл ұйым басшылары үздіксіз жиналып, кеңес құрып келеді. «Кеңес» демекші, өзгенің қабағына қарағандай болған «Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» дейтін атауды 2021 жылы Ыстанбұлда өткен саммитте бауырлас елдер басшылары «Түркі мемлекеттері ұйымы» деп өзгертуге келісті. Сөйтіп, «түркі тілдес мемлекеттер» дейтін қисынсыз атаудан, «кеңес» дейтін шартты ұғымнан құтылды. Құрылым ұйымға айналды. Алға нақты жоспарлар қойды. Түркілер сол жоспар бойынша алға жылжуға бекінген жайы бар.

(Жалғасы 4-бетте)

ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН БЮДЖЕТ, АЛҚАҒА ТҮСКЕН ҮКІМЕТ



Мәжілістің кешегі кезекті Жалпы отырысы бұрынғылардан ерекше өтті деуге болады. Мәселен, жиын бір минуттық үнсіздікпен басталды. Депутаттар мен отырысқа қатысушылар Қарағандыдағы қайғылы оқиғада қаза тапқан кеншілерді аза тұтып, еске алды. Палата Спикері Ерлан Қошанов Парламент Мәжілісі атынан марқұмдардың отбасына көңіл айтты. Естеріңізде болса, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты Костенко атындағы шахтада болған апат салдарынан 46 шахтер опат болған еді.

3 >>

ПОЛИЭТИЛЕННЕН ДЕ ПАЙДА БАР

Атырауда мұнай-газ-химия кластерін құрудың алғашқы кезеңі басталды. Еліміздегі тұңғыш газ-химия кешені осыдан тура бір жыл бұрын ашылған болатын. 2022 жылы 8 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысына жұмыс сапарында Kazakhstan Petrochemical Industries Inc ЖШС-на қарасты біріктірілген газ-химия кешенін іске қосты.

Газ-химия кешені — біздің ел үшін ұзақ күткізген жоба. Өйткені Қазақстан көмірсутегі шикізатының қорына бай жиырма мемлекеттің қатарына кіргенімен, мұнай мен газдан алынатын дайын өнімдердің 90 пайыздан астамын сырттан импорттап келді. Ендігі қарекет осы олқылықтың орнын толтыру.

Атырау қаласынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан КРІ зауыты «Теңіз» кен орнында өндірілетін шикізатты (пропан) сүткізгендіру қондырғыларында өндеп, полимерлеу арқылы түйіршіктелген полипропилен өнімін алады.

5 >>



ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚУАНТАДЫ



6 БЕТ

МИЛАНДЫ МОЙЫНДАТҚАН МӘРИЯМ



8 БЕТ



ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС



(Басы 1-бетте)

Келіссөз барысында тараптар жасыл энергетика, логистика, транзит, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, цифрландыру және білім беру салаларындағы алдағы ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындады.

Мемлекет басшысы мәдени байланыстарды дамытуға ерекше назар аударып, француз мәдениеті мен тілін Қазақстанда ілгерілету қажет екенін айтты. Өз кезегінде Эмманюэль Макрон екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімнің қабылданғанына 15 жыл толғанын атап өтіп, Францияның өзара мүддені көздейтін түрлі саладағы екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

— Екіжақты экономикалық қарым-қатынастар, соның ішінде ауыл шаруашылығы, энергетика, жаңартылатын энергетика салаларындағы байланыстар алдағы уақытта тың серпінмен дамиды деп ойлаймын. Біз бұрынғы жобаларға да, жаңа бастамаларға да инвестиция салуды қолдаймыз. Бүгін өте өзекті мәселелерді талқыладық. Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыз да қарқынды дамып келеді. Білім-ғылым салаларында нақты келісім бар. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазак-француз университеті өз жұмысын бастайды, — деді Франция Президенті.

Сонымен қатар екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге қатысты тұрақты қарым-қатынастың маңыздылығына назар аударып, халықаралық ұйымдар аясындағы диалогті тереңдету қажет екенін атап өтті.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Президент, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін Эмманюэль Макронға алғыс айтты. Сондай-ақ Францияны Қазақстанның Еуропадағы өте маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атап өтті.

— Биыл екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылғанына 15 жыл толды. Достық пен өзара қолдауға негізделген осы ынтымақтастықты одан әрі нығайту — ортақ міндетіміз. Біз бірге күш жұмылдырып, көздеген мақсатқа жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгінгі сапардың мән-маңызы айрықша, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Президент Эмманюэль Макронмен мазмұнды келіссөз жүргізіп, екіжақты байланысты нығайту жөнінде нақты келісімдерге қол жеткізгеніне назар аударды.

— Франция — Қазақстанның ең ірі сауда серіктесінің бірі. Биылғы сегіз ай ішінде сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға өсті. Яғни, 2,7 миллиард долларға жетті. Сондай-ақ Франция негізгі шетелдік инвесторларымыздың қатарына кіреді. Соңғы 15 жылда Франциядан Қазақстанға 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция тартылды. Бүгінде біз энергетика, атом

өнеркәсібі, тау-кен, химия, машина жасау, құрылыс заттарын өндіру, аэроғарыш және фармацевтика салаларында маңызды жобаларды жүзеге асырып келеміз. Елімізде Alstom, Total Energies, Ognano, Vicat сияқты 170-тен астам француз компаниясының табысты жұмыс істеуі — соның айқын дәлелі, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында сауда, экономика және инвестиция салаларындағы ықпалдастықтың ауқымын кеңейтуге баса мән беріліп, шикізат, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, жеңіл өнеркәсіп, денсаулық сақтау, инновация, қаржы

француз мектептерін ашуға, француз тілін үйретуге, академиялық байланысты арттыруға бағытталған бірқатар келісімге қол қойылғанын айтты.

Екі ел басшылары аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, әлемдегі түрлі саяси шиеленістер мен түйткілдер бейбіт және дипломатиялық жолмен шешілуге тиіс деген байламға келген.

Өз кезегінде Франция Президенті Эмманюэль Макрон Қазақстанға сапармен келуге шақырғаны үшін Президентке алғыс айтып, екі елдің ынтымақтастығын одан әрі кеңейту қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстан мен



және басқа да секторларда тың жобаларды қолға алу маңызды екенін атап өтілген.

— Бұл, әсіресе қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуал кезінде аса өзекті. Осы ретте Стратегиялық минералдар саласындағы ынтымақтастық ниеті туралы декларацияға қол қойылды. Сондай-ақ Boehringer Ingelheim, Total Energies, Alstom компанияларымен келісімдерге қол жеткіздік. Оған жана ғана өздеріңіз күз болдыңыздар. Бұл келісімдер екі ел үшін де пайдалы болмақ. Жоспарланған шараларды тиімді іске асыру мақсатында бірлескен инвестициялық жобаларды министрліктер деңгейінде ілгерілету керек. Ол үшін арнаулы жұмыс тобын құруды ұсындым, — деді Президент.

Сонымен қатар екіжақты келіссөздер барысында «жасыл» экономикаға көшуге және климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерге назар аударылған. Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға екі елдің мүддесіне сай келетін бірқатар нақты ұсыныс айтқанын, еліміз Францияның One Planet Summit бастамасы аясында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін нақтылағанын мәлімдеді.

Бұған қоса, президенттер мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың маңызды екенін ескеріп, білім және ғылым бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізген. Мемлекет басшысы

Францияның ұстанымдары көптеген мәселелерде сәйкес келетініне назар аударды.

— Сіздің еліңіздің рөлі мен географиялық орналасуы, сондай-ақ оның аумағының үлкендігі біз үшін өте маңызды. Сондықтан бүгін экономикалық ынтымақтастығымыз жан-жақты талқыланды. Бүгін қол қойылған құжаттар — осының айғағы. Президент мырза, Сіз Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз кәсіпорындарының маңызына арнайы тоқталдыңыз. Француз компаниялары сауда және энергетика салаларында ұзақмерзімді серіктестік орнатты. Компанияларымыздың басқа да салаларда бірлесіп жұмыс істегенін қалаймыз. ынтымақтастықтың негізгі бағыттары белгілі. Олар — энергетика және аэроғарыш өнеркәсібі салалары, — деді Эмманюэль Макрон.

Сонымен қатар Франция Президенті Қазақстанның әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

— Компанияларымыз бұл іске оң септігін тигізуге алатынына сенімдімін. Біз нарықты нығайтуға үлес қоса аламыз. Бұл ретте ауылға қарсы вакцина өндірісі жобасын жүзеге асыру туралы маңызды келісімге қол қойылды. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында орнатылған серіктестіктің келешегі зор. Президент мырза, Сіз халықтарымыз арасындағы байланыстардың маңызды екенін айттыңыз. Біз білім беру бағы-



тындағы ынтымақтастыққа қатысты бірқатар келісімдерге қол қойдық, — деді Франция Президенті.

Сондай-ақ келіссөздер нәтижесінде Қазақстан мен Франция басшылары бірлескен мәлімдеме жасады және екі елдің ресми делегация мүшелері бірқатар құжаттарға қол қойды.

ПРЕЗИДЕНТТЕР ҚАЗАҚ-ФРАНЦУЗ БИЗНЕС ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон қазақ-француз бизнес-форумының ашылуына қатысты.

— Франция — біздің экономикамызға 19 миллиард долларға жуық қаржы құйған ең ірі халықаралық инвесторлардың бірі. Биыл алғашқы алты айда француз серіктестеріміздің Қазақстанға салған тікелей инвестициясы 50 пайызға артты. Бұл — таңғаларлық өсім әрі елімізге деген жоғары сенімнің белгісі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы бүгінде елімізде екі жүзге жуық француз компаниясы жұмыс істейтінін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мұнай және газ қорын геологиялық барлау, уран экс-

пективасы зор екенін атап өтті. Эмманюэль Макрон сөзін қорытындылай келе, өзара мүддені көздейтін көптеген саладағы ықпалдастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін растағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы қазақ-француз бизнес форумы аясында Францияның бизнес құрылымдарының басшыларымен кездесті. Lactalis Group компаниясының бас директоры Эмманюэль Бенъемен әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы аталған кәсіпорын Қазақстан нарығына 20 жыл бұрын келген алғашқы француз компанияларының бірі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық сын-қатерлеріне байланысты агро-өнеркәсіп және азық-түлік өнімдерін өндіру салаларындағы ынтымақтастықтың мән-маңызы артып келеді. Осыған орай Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісіне инвестиция тартуды ынталандырады. Эмманюэль Бенъемен қабылдағаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Lactalis Group компаниясының ынтымақтастықты нығайту және Қазақстанда жаңа өндіріс орындарын ашу жоспарымен бөлісті. Содан кейін Мемлекет басшысы Boehringer Ingelheim France компаниясының президенті Кристиан Вайзенді қабылдады. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев отандық QazBioPharm холдингі мен Францияның Boehringer Ingelheim компаниясы арасында технологияларды беру туралы қол жеткізілген келісімнің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар Президент Semmaris компаниясының бас директоры Стефан Лаянимен кездесті. Стефан Лаяни Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін ірі хаб құру жөніндегі бірлескен жобаның іске асырылуына қатысты мәлімет берді. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан инвестициясының жалпы көлемі 150 миллион долларды құрайды. Компания өз тарапынан жобаны жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде технологиялар мен Францияның озық тәжірибесін трансферт жасайды.

Мемлекет басшысы Франция Президенті Эмманюэль Макронмен бірге «Этноауыл» ұлттық көрмесін аралады.

Франция Президенті Эмманюэль Макронның Қазақстанға ресми сапарына орай халқымыздың бай мәдени мұрасымен таныстыратын арнайы «Этноауыл» көрмесі ұйымдастырылды.

Мемлекеттер басшылары бастаған делегацияны көрме алаңында Жас көрермендер театрының әртістері мен «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі ән шауымен қарсы алды.

Франциядан келген жоғары мәртебелі меймандар жеміс-жидекпен безендірілген «Көк базарды», колөнер бұйымдарын және қазақ суретшілерінің картиналарын, сондай-ақ отандық дизайнерлер әзірлеген ұлттық сән үлгілерінің дефилесін тамашалады.

Сонымен қатар шетелдік қонақтарға Ұлттық музей қорындағы экспонаттардан («Алтын адам», «Берел жылқысы», «Сармат көсемі», «Қыпшақ жауынгері» т.б.) жасақталған «Ұлы дала алтыны» экспозициясы, Ықылас Дүкенұлы атындағы мұражайдағы ұлттық музыкалық аспаптар таныстырылды.

Этноауыл аумағында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макронға балуандарымыз қазақ күресінің өдіс-тәсілдерін, жас жеткіншектер асық ойынын, ал саятшылар мен құсбегілер тазы иттері мен қыран құстарын көрсетіп, халқымыздың аңшылық дәстүрі туралы әңгімелеп берді.

ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН БЮДЖЕТ, АЛҚАҒА ТҮСКЕН ҮКІМЕТ

Мәжілістің кешегі кезекті Жалпы отырысы бұрынғылардан ерекше өтті деуге болады. Мәселен, жиын бірер минуттық үнсіздікпен басталды. Депутаттар мен отырысқа қатысушылар Қарағандыдағы қайғылы оқиғада қаза тапқан кеншілерді аза тұтып, еске алды. Палата Спикері Ерлан Қошанов Парламент Мәжілісі атынан марқұмдардың отбасына көңіл айтты. Естеріңізде болса, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты Костенко атындағы шахтада болған сағдарынан 46 шахтер опат болған еді.



Нұрлан КОСАЙ

Сондай-ақ бұл жолғы пленарлық отырыстың тағы бір ерекшелігі — оған Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың өзі келіп қатысып отырғаны. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өзіне қойылған сұрақтарға тікелей жауап берген ол өзге сауалдар мен жауаптарды да өз құлағымен естіді. Бұл да болса бүгінгі күн тәртібін маңыздылығын — Ұлттық қордан ақша алмау және мемлекеттік бюджетті тиімді пайдалану мәселесінің өзектілігін айғақтай түседі. Осы тұста Үкімет басшысымен бірге министрлер кабинеті түгел келді десек артық айтқандық емес. Олардан бөлек қатысып отырған Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаров, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасының м.а. Айдар Рысқұловтарды қосқанда жиынға 30 адам шақырылған екен. Жалпы отырыстың тағы бір ерекшелігі — жиынның депутаттық сауалмен басталғаны. Мәжіліс депутаттары атынан сөз сөйлеген «AMANAT» фракциясының мүшесі Арман Қалықов «Костенко» шахтасындағы қайғылы оқиғаға жол берген «АрселорМиттал Теміртау» компаниясын сынға алды. Оның айтуынша, жылына 200 миллиард теңгеден астам табыс тауып отырған компания жаппай үнемге ден қойып, табысының басым бөлігін шетелге шығарып отырған. Жасалған ескертулерге, өнеркәсіптік қауіпсіздікке инвестиция салу, көмір өндіруді кеңейту, барлық өндірісті жаңғырту туралы келіссөздер жүргізуге әрекет жасалғанына қарамастан, компания еш келісімге келмеген. Нәтижесінде, осы жылдың өзінде екі апаттық жағдай болып, компанияның елде жұмыс істеген бүкіл кезеңінде жүздеген қазақстандық қаза тапты. Мыңдаған адам денсаулығынан айырылып, мүгедек болып қалды.

«Қазіргі жағдайда Президент бірден-бір дұрыс шешім қабылдады, ол — «Арселор-Митталмен» ынтымақтастықты тоқтату. Біз адамдардың қандай күй кешіп жатқанын біліп отырмыз. Өкінішке қарай, егер шетелдік инвестор кетсе, онда барлық өндіріс тоқтайды деген 90-жылдары болған қорқыныш бізде әлі де бар. Бірақ мүлдем олай емес. Біз кәсіпорынның жеткілікті ақша таба алатынын көріп отырмыз. Көмір өнеркәсібінде 30 жылдық тәжірибесі бар қызметкер ретінде қарағандылықтарды сабырлыққа шақырғым келеді. Бізде осы жылдар ішінде тікелей инвестор бола алатын, әлеуметтік жауаптылығы бар кәсіпкерлер саны жеткілікті дәрежеде өсті. Алдағы уақытта әрбір жұмыскердің өнеркәсіптік қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауға ерекше назар аударылатын болады. Бұл қарапайым жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін қажет. Олар шахтаға соңғы рет бара жатырмын ба деген қобалжумен түспейтсіз. Кеншілер мен олардың отбасылары ертеңгі күнге сеніммен қарауы керек», — деген ол депутаттар әрбір жұмысшының еңбегін қорғау жөніндегі заңға маңызды түзетулер әзірлеп, Үкіметке жібергенін жеткізді. Заң жобасында өнеркәсіптік қауіпсіздік инспекциясы және еңбек инспекциясы тұрғысынан мемлекеттік бақылауды күшейту ұсынылған. Депутаттар айтуынша, қазақстандықтардың қауіпсіздігі, олардың еңбек құқықтарын қорғау артта қалып отыр. Бүгінде елімізде өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі 260 мемлекеттік инспектор ғана бар. Бұл жеткіліксіз екені айдан анық. Үкімет өндірістегі жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылау функцияларын күшейту туралы ойлануы керек. Бұдан басқа, елдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды тексеруге маторийді алып тастайтын кез келді. Сондай-ақ Кәсіби аурулар және еңбек гигиенасы институтына ерекше мәртебе беру де — өз алдына бөлек мәселе.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында қарау үшін палата бюросы бірнеше мәселе ұсыныпты. Олар — Ұлттық қордан алдағы үш жылға кепілдендірілген трансферт алу, 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері туралы заң жобалары. Депутаттардың

сүйліккені Ұлттық қорды үнемдеу және республикалық бюджетті тиімді жұмсау мәселесі туралы болды. «AMANAT» фракциясының мүшесі Нұртай Сабильянов Президенттің 2030 жылға қарай Ұлттық қорды 100 млрд АҚШ долларына жеткізу туралы тапсырмасын алға тартып, болашақ ұрпақтың несібіне қол салуды тоқтатуы талап етті.

«Алайда 2021 жылдың басында Ұлттық қордағы қаражат 67 млрд болса, қазір бар-жоғы 60-ак миллиард қалып отыр. 2024 жылдың басынан қордың инвестициялық табысынан балаларға қаражат аударыла бастамақ. Сондықтан енді халықтың бұл қордың жұмысына деген назары ерекше болмақ. Өйткені әр ата-ана өзінің баласына қанша ақша түсті деп күтіп отырмақ. Сондықтан да менің ойымша одан қаражат алуды тоқтатуымыз керек және орын тиімділігін арттыруымыз қажет. Біз республикалық бюджеттің тапшылығын жабу үшін Ұлттық қордан ақша алып отырмыз. Ал мемлекеттік бюджеттің тапшылығы дайын ақшамен емес, экономиканың дамуы арқылы жабылуы тиіс. Бюджетті тиімді игеру де ақсап жатыр, осы дайын ақшаның өзін үқсата алмай отырғанымыздың себебі неде?», — деді ол.

Депутатқа Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың өзі жауап берді. 2024 жылы Ұлттық қордан тартылатын трансферт көлемі 1,6 триллион теңгені құрайтынын айтқан Үкімет басшысы ол қаражаттың әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық инфрақұрылымдарды қаржыландыруға бағытталатынын жеткізді.

«Ұлттық қордан тартылатын нысаналы трансферттер жылдан-жылға азайтылатын болады. Оның орнын республикалық бюджеттің өз кірістері аламыз. Ол үшін тиісті инвестициялар тартылып, нақты сектор қаржыландырылмақ. Ол бірінші кезекте мемлекеттік қолдау шаралары арқылы шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенді қаржыландыру. Жалпы, қазір біз 32 триллион теңгені құрайтын 970 ірі инвестициялық жобаны іске асырамыз. Соның 4,6 триллион теңгесі келесі жылы жүзеге асырылмақ. Олар шикізат емес сектордағы жобалар. Осы ретте инфрақұрылымдық жобаларға ерекше көңіл бөлінбек. Келесі жылдары экономиканың өсу қарқыны жоғарылайды деп күтіп отырмыз. Быыл оның көлемі 4,7% болса, келесі жылы 5,3%, ал 2026 жылға дейін 6%-ға дейін жетеді деп болжап отырмыз», — деді ол.

Депутаттарға «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын Премьер-Министрдің орынбасары — Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев таныстырды. Құжат еліміздің 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму жолжамы негізінде әзірленген екен. Оның айтуынша, 2024 жылға арналған түсімдер 20,4 трлн теңге деңгейінде болжанды. Трансферттерді есепке алмағанда, кірістер 16,1 трлн теңге немесе түсімдердің жалпы сомасының 80% көлемінде болады деп жоспарлануы. Жалпы, бюджеттің 2024 жылға арналған шығыстары биылмен салыстырғанда 1,5 трлн теңгеге ұлғайып, шамамен 24 трлн теңгені құраған. Бюджет тапшылығы Жалпы Ішкі Өнімге шаққанда 2,6% деңгейінде болжанып отыр. Ол 2026 жылға қарай біртіндеп 2,3%-ке дейін төмендемек.

«Жалпы, республикалық бюджеттің басым бөлігі мемлекеттік және әлеуметтік міндеттемелерді толыққанды орындауға және өңірлерді дамытуға бағытталған. Мәселен, өңірлерді дамытуға республикалық бюджеттен 7 трлн теңгеден артық қаражат қарастырылған. Бұл жалпы бюджет шығыстарының шамамен 30%-ын құрайды. Оның ішінде 5,3 трлн теңгесі — субвенциялар, 1,7 трлн теңгесі өңірлерді дамытуға бағытталған нысаналы трансферттер. Экономиканың нақты секторын дамытуға 2,8 трлн теңге жұмсалмақ. Оның ішінде кәсіпкерлікті қолдауға 1,2 трлн теңге жоспарланған. Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі жобаларды қаржыландыруға 120 млрд теңге бағытталып, шамамен 2,5 мың тұрақты жұмыс орны ашылады. Бюджетті тузу барысында барлық фракциямен етене жұмыс жүргізілді. «AMANAT» фракциясының кеңейтілген жиналысы өткізілді. Депутаттар көтерген мәселелер, әсіресе өңірлердің қажеттіліктері барынша ескерілді. Нәтижесінде, 2,5 трлн теңгеге жұмыс қаражат маңыздылығына қарай қайта бөлінді. Оның ішінде Үкімет резерві есебінен 56 млрд теңге қосымша қарастырылды», — деді Премьер-Министрдің орынбасары — Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев.

Жиынның тағы бір ерекшелігі — әр баяндамашыдан соң сұрақ қоймаған депутат, оған жауап бермеген Үкімет өкілі қалмады деуге болады. Мәжілісмендер қозғамаған сұрақ, министрлер қорғамаған іс-сипат қалмады. Соның ішінде аманаттық депутат Бақытжан Базарбек Үкіметтің резервінде келер жылға 417 млрд, 2025 жылға 344 млрд, ал 2026 жылға 702 млрд теңге жоспарланғанын алға тартып, олардың жұмсалып тиімділігін сынға алды. Ал Қайрат Балабиев ауыл шаруашылығындағы субсидияға жыл сайын 400 млрд теңге бағытталатынын айттып, бірақ жемқорлық қылмыстарының 34%-ы инвестициялық субсидияға тиесілі екенін сынға алды. Депутат Елнұр Бейсенбаев инфляцияның тоқтамауы, қымбатшылық мәселесі, жастар арасындағы жұмыссыздық, МӘМС жүйесінің реттелмеуі, үш ауысымды мектептер, лайықты жалақы мен тасжолдарды уақытылы салу проблемасына тоқталды.

«Осы ретте халықты баспанамен қамтамасыз ету мәселесі шешімін таппай отыр. Қазір бір-бір мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қалмады. Өзін әлеуметтік мемлекет деп таныған ел үшін — бұл нонсенс. Дәл бүгін үй кезегінде 650 мың адам тұр. Бұл дегеніміз — шамамен 2 миллион отбасының мүшелері пәтер жалдап жүрген сөз. Бұл бір. Екіншіден, бөлінген қаражаттың уақытылы игерілмеуі көп іске қолбайлау болуда. Бұған бір ғана мектеп мәселесін мысалға келтірсек те жеткілікті. Мәселен, бюджеттен 2023 жылы мектептердің құрылысына бөлінген қаражаттың көлемі 164 млрд теңге болса, оның тек 37 пайызы ғана игерілген. Бұл — үлкен проблема», — деді депутат Елнұр Бейсенбаев.

Осылайша, әр сұрақтың артында халықтың әл-ауқаты, мемлекеттің әлеуеті жатқанын аңғару қиын емес еді. Осы күнгі формат сұрақ-жауап сипатында өрбігендіктен, әдеттегідей депутаттық сауалдар болған жоқ. Кезекті жиынның ендігі бір ерекшелігі осы болды. Жиынды Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов қорытындылады.

«Бүгін біз еліміздің басты құжаты — республикалық бюджетті бекіттік. Өздеріңіз білесіздер, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұны Жолдауында жаңа экономикалық саясат жариялады. Оның түпкі мұраты — халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы орайда республикалық бюджет, бірінші кезекте Президент жүктеген міндеттерді іске асыруға бағытталып отыр. Ең бастысы, бұл құжат әлеуметтік міндеттемелерді толық орындауға, елдің тұрмысын жақсартуға мүмкіндік береді. Бюджет екі ай бойы жұмыс топтарында жан-жақты талқыланды. Мәжілісте барлық фракция отырысын өткізіп, өз ұстанымдарын анықтады. Талқылау барысында көптеген сыни пікір болды, ұсыныстар айтылды. Олардың барлығы бүгін қабылданған бюджетте ескерілді.

Сайлаушыларымызды толғандыратын ең өзекті мәселе — инфляция мен азық-түлік бағасы. Жылу, жарық, жол, сумен қамтамасыз ету де — түйткілді мәселелер. Мемлекеттік борыштың өсуі де депутаттарды алаңдатып отыр. Осы мәселелерге жұмыс тобының жетекшісі, фракциялардың басшылары өз баяндамаларында кенінен тоқталып өтті. Үкімет бұл жайттарға ерекше көңіл бөліп, жүйелі түрде айналысуы қажет. Бюджетті талқылау кезінде сайлаушыларымыздың осы және өзге де талап-тілектері ескерілді. Қорыта айтқанда, бүкіл депутаттық корпусқа, партиялық фракцияларға және Үкіметке, Премьер-Министрге республикалық бюджетті қарау кезінде коян-қолтық жұмыс істегені үшін зор ризашылығымызды білдіреміз», — деді Мәжіліс Төрағасы, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов.

Палата Спикерінің айтуынша, ендігі міндет — республикалық бюджетті тиімді іске асыру. Депутаттар бекітілген бюджеттің орындалуына жүйелі түрде бақылау жүргізетін болады. Мемлекет басшысы бізге дәл осындай жауапты міндет жүктеп отыр. Ең бастысы, бюджеттің әр теңгесі өз мақсатына жетуі қажет.

«AMANAT» АУЫЛДА КІТАП ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ

«Кітап-AMANAT» жобасы аясында елімізде бұрын-соңды болмаған бірегей бастама қолға алынып, ауылдық жерде алғаш рет кітап орталығы ашылды. Орталық партияның Жамбыл облысы Байзақ ауданы Сарыкемер ауылында орналасқан. Осы арқылы партия ауылдағы ағайынның отандық әдебиетке, жалпы кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларға қолдау көрсетуді көздейді.

Ауылдағы алғашқы кітап орталығының ашылу салтанатына қаламгерлер, баспагерлер және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Сөз басында «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов Мемлекет басшысы ұлттық мүддеге сай келетін кітаптар шығару, кітапханалар ашу ісіне ерекше мән беретінін атап өтті.

«Партиямыз Президент бастамасын іске асыруға дәнекер болатын «Кітап-AMANAT» жобасын қолға алып, отандық әдебиет пен баспагерлерді қолдаудың жаңа тетігін ұсынды. Алматы мен Астанада басталған жоба бүгін Жамбыл облысы Байзақ ауданында жалғасып жатыр. Жаңа орталық руханиятқа шөлдірген ауылдағы ағайынның сүйікті орнына айналады деген сенімдемін», — деді Дауыл Бейсенқұлов.

Өз кезегінде «Қазақстан Республикасының баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар» қауымдастығының президенті Әділ Қойтанов кітап орталығының ауылда ашылғанына айрықша ризашылығын білдірді.



«Бұл — жай ғана кітап дүкені емес, бұл — руханият орталығы. Алдағы уақытта осында баспагерлермен, авторлармен келелі кездесу өтіп, түрлі іс-шара ұйымдастырылады деген ойдам. Осында келген жастардың кітап оқуға деген ынтығасы артады. Елімізде біраз жыл автор, баспа, кітапхана, кітап дүкені арасындағы байланыс үзіліп қалған еді. Осындай орталықтар арқылы байланыс қайта жаңғырып жатыр. Ең басты мақсат — елге жаңа кітаптарды таныстыру. Осы өңірде де жазушыларымыз өте көп кітап шығарып жатыр. Алайда оның бәрі жер-жерге жетпейді. Әрбір өңірде осындай орталықтар ашылуы керек», — деді ол.

Ал Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары, ақын Маралтай Райымбекұлы жанадан ашылған орталықтың мәні мен маңызына тоқталды.

«Екі мегаполистен кейін кітап орталығы осы өңірде ашылып отыр. Бұл — ғажап бастама. Адам кітап оқуы керек. Кітап оқымаған адамның биіктерді бағындырып, жетістікке жетуі екіталай. Автор мен оқырман арасын жалғап жатқан «AMANAT» партиясына және ілкімді іске қолдау көрсетіп жүрген жергілікті азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ», — деді ақын.

Бұл ретте ауыл тұрғыны Қасқырбай Нарбатыров кітап орталығын ашуға атсалысқан жандарға тұрғындар атынан алғыс айтты.

«Ауыл халқы кітапқа сусап отыр. Дүкендерде дүние-мүлік сыймай тұрғанымен, кітапқа орын жоқ. Сондықтан ауылымызда осындай орталықтың ашылып отырғанына дән ризамыз. Біздің ғана емес, еліміздің барлық ауылында ашылса да артық болмас еді. Бұл — үлкен сый. Жастарды кітап оқымайды деп жазғыра бергенше, мұндай игі істерді көптеп қолға алған жөн бе деймін. Тіпті, орталықтарды еліміздің барлық ауылында ашқан абзал. Өзіміз де бала кезден кітап оқып өстік қой. Осы орталық күні ертең ауылдың мақтанышына, оқырмандардың сүйікті орнына айналатыны анық», — деді ол.



Айта кетейік, «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында жыл сайын театр, кітапхана, коммуникация, білім беру және демалыс орталықтарын қоса алғанда, 300-ге жуық мәдениет нысанын салу және жаңғырту көзделген. Сондай-ақ мәдениет, мұрағат және кітапхана қызметкерлерінің жалақысы екі есе артады. «Ұлттық тәрбие — ұлт болашағы» тәрбие беру тұжырымдамасы енгізіліп, еліміздің бүкіл әдеби мұрасы бірнәғай кітапхана платформасы негізінде цифрлы форматқа өткізіледі. Еске сала кетейік, жобаның тұсаукесері партияның Алматы қалалық филиалында өтіп, оған Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов арнайы қатысқан болатын.

(Басы 1-бетте)

Ал Астанада өтетін саммитте әріптестерін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қонақ қылады. Жиынға ұйымға мүше Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан президенттері, Түркі мемлекеттері ұйымы жұмысына бақылаушы ретінде қатысып жүрген елдердің мемлекет және үкімет басшылары, ұйымның бас хатшысы қатысады. Саммитте мемлекет басшылары бірқатар маңызды мәселелер жайлы шешім қабылдамақ. Кейбір ақпараттарға қарағанда экономика, сауда, көлік және келен салаларындағы жобаларды пысықтауға қатысты құжаттарға қол қойылуы мүмкін екен. Ұйымға мүше мемлекеттер мен бақылаушы елдер жетекшілері көпжақты ынтымақтастықты да қарастырып, аймақтық және жаһандық мәселелер жайлы да ұстанымын білдіруі ықтимал. Әрі ұйым төрағалығы Өзбекстаннан Қазақстанға тапсырылады. Жиын соңында Астана актісі мен Астана саммиті декларациясына қол қойылады. Бұл құжаттардың мазмұны саммит өткен соң белгілі болады.

АЛМАСАН, БЕРМЕСЕН...

Негізі, түркі интеграциясы жайлы сөз қозғағанда өзара байланыстар өдетте мәдени-гуманитарлық сипатта өрбіп жатқандай көрінетін. Түркі мемлекеттері ұйымы «кенес» болып тұрған кезде қабылданған біршама шешімдердің толық нәтиже бермегені рас. Өдетте, басқосулар өзара ілтипат білдіру мен ой бөлісу сипатында өтетін. Кейінгі жылдары ұйым аясындағы байланыстар нығая түскендей көрінеді. Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен өзара тауар айналымы да арта түсті. Дәлірек айтқанда, 2010—2022 жылдар аралығында еліміздің ұйымға мүше елдермен арадағы тауар айналымы 3 есе өсті. Сөйтіп, 4,5 млрд долларлық көлемнен 12,9 млрд долларға жетті. 2023 жылдың есебі әлі белгісіз екенін ескерсек, бұл көрсеткіш биыл да өсуі мүмкін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бауырлас елдер басшыларымен әр кездесуі, өзара мемлекеттік және ресми сапарлардың нәтижелері де біз сөз еткен көрсеткішке өзгеріс енгізгені анық. Ресми статистикадан бөлек, Қазақстан Үкіметінің Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен өзара тауар айналымын 23 млрд долларға жеткізу жоспары тағы бар. Білетіндер қазіргі үрдіс сақталса, бұл мақсатқа 4–5 жылда жету мүмкіндігі бар деп санайды. Өйткені 2017 жылдан бері Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен өзара сауда-саттық көлемі жылына шамамен 30–31 пайызға өсіп отырған.

Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдермен арадағы 12,9 млрд долларлық тауар айналымының 74%-ы экспорттың үлесінде. Яғни, Қазақстан 9,6 млрд доллардың тауарын бауырлас елдерге сатады. Дегенмен бұл өнімдер шикізат екенін мойындау керек. Айталық, Қазақстан Түркияға мұнай, көмір, газ, мыс, мырыш, алюминий, қорғасын тәрізді өнім сатады. Аз мөлшерде болса да металл өнімдерін, күнбағыс майын, өңделген астық жармасын сатамыз. Ал Өзбекстанға сататын өнім біршама өзгерген. Ресми Астана Ташкентке азық-түлік тауарларын, күнбағыс майын, маргарин, тіпті компьютер, теледидар, көлік сатады екен. Дегенмен Өзбекстанға экспорттың құрамында өңделмеген шикізаттың үлесі шамамен 50%-дан асады.

Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің ішінде көбіне Түркия мен Өзбекстаннан түрлі тауарларды көбірек импорттайды. Айталық, Түркиядан сатып алатын өнімдердің жалпы құны былтыр 1,6 млрд доллар болса, Өзбекстаннан 1,3 млрд доллардың затын импорттадық. Қырғызстан мен Әзербайжаннан алатын өнімдердің үлесі көп емес. Сәйкесінше, 384 және 87 млн доллардың өнімі. Дегенмен Қазақстан мен Әзербайжанның алға қойған мақсаты біршама жоғары. Алдағы жылдарда өзара тауар айналымын 1 млрд долларға жеткізу көзделген. 2023 жылдың алғашқы бес айында екі елдің арасындағы тауар айналымы былтырғымен салыстырғанда 50%-ға өсіп, 243,6 млн доллар болды. Ал Қырғызстанмен арадағы тауар айналымы биылғы 7 айда былтырғыға қарағанда 13%-



«ТҮРКІ ДӘУІРІ» БАСТАЛЫП КЕЛЕДІ

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ
ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРГЕ ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ (МЛРД. ДОЛЛАР)**

2022 ЖЫЛ



ТҮРКИЯҒА
4,8
МЛРД



ӨЗБЕКСТАНҒА
3,7
МЛРД



ҚЫРҒЫЗСТАНҒА
745,3
МЛН



ӘЗЕРБАЙЖАНҒА
375,3
МЛН



ға өсіп, 757 млн долларға жетті. Меже — 2 млрд доллар. Біздің лайымдауымызша, мұндай жағдайда Қазақстанның көрші елдерге экспорты арта түседі. Импорттың үлесі де өсетіні сөзсіз.

Айтпақшы, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер қазір Қазақстанның өзгелермен сауда-саттығында жыл өткен сайын алға шығып келеді. Қазір ТМҰ-ның үлесі Қазақстан сауда-экономикалық қатынастарының оннан бірін құрайды. Түркия мен Өзбекстан еліміздің сыртқы саудасында Ресей, Қытай және Италиядан кейінгі, төртінші, бесінші орындарға шықты. Егер ұйымға мүше елдердің өзара тауар айналымы қазіргідей қарқынмен жылына 30–

31%-ға өсіп отырса, межелеген 23 млрд долларлық сауда-саттық көлеміне жету көп күттірмейтін сияқты. Ал мұндай «секіріс» ТМҰ ресми құрылғаннан кейінгі алғашқы онжылдықта болмаған еді.

**АЙТЫЛДЫ МА,
ОРЫНДАЛҒАНЫ ЖАҚСЫ**

Өдетте ТМҰ-ны бауырлас елдерді ортақ мүддеге біріктіретін ұйым деп бағалайтынымыз рас. Кей азамат бұл құрылымның әскери одаққа айналғанын да тілейді. Қайтсын енді, төңірек тыныш болмай тұр. «Азатпыз» дейтін кез келген мемлекетке төнетін түрлі қатер бар екеніне күміз. Бұрын терроризм мен экстремизмді ғана бас-

ты қауіп санайтын едік, қазір сын-тегеуріннің сипаты өзгеріп тұр. Содан ғой, ағайын жұрт бір-біріне арқа сүйегенді құп көреміз. Алайда интеграция, өзара ынтымақтастық пен серіктестік айта салғанға ғана онай. Алға қойған мақсат-мүддесі, ұстанымы бөлек мемлекеттерді ортақ іске жұмылдыру үшін дипломаттардың қажырлы еңбегі керек. Кейде ұсақ-түйек болып көрінетін мәселелердің де маңызы артып тұрады. Айталық, биылғы ақпанда Түркияда алапат зілзала болды. Бауырлардың басына іс түскенде түркі жұрты қарап қалмады. Қазақстан құтқарушылар жіберіп, халық киіз үй, киім-кешек дегендей қолындағысын берді. Өзге түркі мемлекеттері де Анадолы жұртына шама-шарқынша көмектесті. Алайда табиғи апаттар кезінде өзара көмекті жүйелі ұйымдастыратын құрылым ТМҰ аясында жоқ еді. Сол себепті Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМҰ-ның Анкарада өткен кезектен тыс саммитінде:

— Біз табиғи апаттың алдын алу үшін күш жұмылдыруымыз керек. Түркиядағы зілзала қауіп-қатерге қашанда дайын болу қажеттігін көрсетті. Сондықтан ұйым аясында Төтенше жағдайлар мекемелерінің бірлескен күшін жасақтауды ұсынамын. Оны Алматыдағы Төтенше жағдайлар және

дардың өзі түркі интеграциясын желдетуге Қазақстан барыныша ден қойып отырғанын байқатады. Сөйтіп, Қазақстан билігі өзінің бастамасымен қабылданған «Түркі әлемінің келешегі — 2040» құжатын жүзеге асырудың нақты тетіктерін іске қосып жатыр.

Бір сөзбен айтқанда, ресми Астана ТМҰ аясындағы интеграциясының жан-жақты болғанын қалайды. Көлік-логистика, жаңа нарық, білім мен ғылым, ақпараттық технологиялар, төтенше жағдайларда әрекет ету, халықаралық ұйымдарда ортақ мүддені білдіру, жасыл экономика, жастар саясаты тәрізді көптеген мәселелердің қамтылғанын құп көреді. Әрі ұйымға мүше елдердің мүддесіне қайшы әрекетке барған емес. Керісінше, бауырларға мысқалдай болса да пайдасы тиетін жолды таңдағанға ұқсайды.

— Қазіргі алмағайып кезеңде құжаттар артыру және оның мүмкіндігін барынша пайдалану аса маңызды. Себебі біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тікелей байланыстырады. Бауырлас үш ел (Қазақстан, Әзербайжан, Түркия) арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік дәлізі — соның жарқын мысалы. Сондықтан біз көлік-логистика саласына ерекше мән береміз. Соңғы 15 жылда Қазақстан осы саланы дамытуға 35 миллиард доллар қаржы бөлді. Біз көлік бағдарын көбейтуге және логистиканы өзара ықпалдастыруға мүдделіміз, — деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Самарқандта өткен саммитте. Әрі Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық саясатында бұл бағыт ерекше назарда. Яғни, біз ТМҰ интеграциясын бірде жария түрде, енді бірде жанама түрде тереңдетіп келеміз. Ұйымның құрылу мақсатына қайшы түспейтін кез келген бастама бұл құрылымды күшейтуге ықпал етеді деген сөз.

**ҚАЙ БЕЛЕСТЕ
ТҮРМЫЗ?**

Түркі интеграциясының қазіргі бағдары анықталып келе жатқанымен, бауырластықтың қаншалықты денгейде беки түскеніне баға беру қиын. Тіпті, интеграциялық процестердің қай белесінде тұрғанымызға да баға беру оңай емес. Қазақстан ежелден бұл бағыттағы интеграцияда біреуге «аға», біреуге «іні» болуды қаламады. ТМҰ-ға мүше кез келген елдің тең құқылы болуы керек екенін жақтап келеді. Тіпті, халықаралық қауымдастық мойындамаған құрылымдарды, көпшілік жақтамайтын идеяларды да ұйым жұмысына қатыстыруға жол бергісі келмейді. Бір сөзбен айтқанда, ұйымның геосаяси ойындарға араласуын қаламайды. Бірақ ел ішінде ТМҰ-ның Еуропа одағы сияқты қуатты ұйымға айналғанын көргісі келетіндер де, әскери-саяси одаққа айналғанын қалайтын да бар. Ұйым жұмысында белгілі бір идеология болғанын құп көретіндер де кездеседі. Дегенмен идеологиялық ұстын қалай болды, оған жауап беру қиын. Әзірге «түбіміз бір, туыспыз» дейтін ұғым басым. Ал мамандар түркі интеграциясының болашағына қатысты түрлі ой айтады. Өткен күндер мен шыққан белестерге берілген баға да әртүрлі. Күтеріміз де сан килы.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ
ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРМЕН ТАУАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ӨСІМІ (%)**

**Нұрғали ЖҮСПАЙ,**

журналист (Қазақстан):

— Қазіргі кезге дейін түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың ең қуатты, басым бағыттарының бірі мәдениет саласы еді. Бұл салаға басымдық берудің өз заңдылығы да бар. Өйткені түркі мемлекеттері мен халықтарының шыққан тегі, тарихы, тілі, ділі бір. Сондықтан мәдениет саласы интеграцияның негізгі бағыты болып қалады.

Өз басым ТүркСой, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры секілді ұйымдардың шеңберінде бұл бағыттағы жұмыс жүргізіле береді деп ойлаймын. Ал қазіргі халықаралық геосаяси аухалды ескеретін болсақ, осы саммиттен кейін түркі мемлекеттері өзара даму стратегиясында қауіпсіздіктің барлық салаларын ескеріп, тиісті бастамалар ұсынып, арнайы механизмдер қабылдайды деген ойдамын. Сондай-ақ түркі мемлекеттері қатынастарын бағамдайтын саланың бірі — экономикалық бағыт. Экономикалық бағытта инновациялық технологиялардың маңызы ескерілуі керек. Демек, бұдан кейінгі дәуірде электронды сауда, электронды жүйелерді дамыту бойынша тиісті шешімдер қабылданады және бұлар түркі мемлекеттерінің интеграциясына оң ықпал етеді деген үмітіммен. Әрі өз басым саммиттен соны күтемін. Мысалы, электронды сауда, коммерция, электронды банкінг салалары бойынша нақты қадамдар жасалса дейміз. Электронды сауда-саттық жүйесі түркі мемлекеттері үшін аса маңызды стратегиялық сала болып саналатын логистиканың дамуына да оң ықпалын тигізеді. Әрі бұл — қажеттілік. Сондықтан құжаттар осы ракурстан қабылданатын болар деген пікірдемін.

Айтпақшы, саммиттің Астанада және күрделі геосаяси жағдай кезінде ұйымдастырылуы өте маңызды. Өйткені жаһанның түкпір-түкпірінде түрлі денгейде шиеленістер бой көтере бастады. Ал түркі әлеміне тұрақтылық керек. Әрі ТМҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары ұйым аумағында тұрақтылықты сақтауға бар күш-жігерін салып келеді. Саяси, экономикалық тұрақтылық бұл ұйымның ең қуатты тұстарының бірі және солай болып қала беруі керек.

**Мақсат ЧАКИ,**

саясаткер (Қырғызстан):

— Менің ойымша, қазіргі кезде Түркі мемлекеттері мен халықтарының интеграциясы бастапқы кезеңде тұр. Біз әзірге алғашқы қадамдарымызды жасап жатырмыз. Саяси, экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда толыққанды интеграция жасалып жатыр дегуе әзірге ертерек. Біз қазір өзара жақындасып келеміз. Түркі мемлекеттерінің басым көпшілігі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Түркі мемлекеттері ұйымы, ТүркПА, ТүркСой, Түркі академиясы тәрізді ұйымдар құрды. Түркі мемлекеттері ұйымы саяси, ТүркПА парламентаралық байланыс, ТүркСой мәдени-рухани, Түркі академиясы ғылым-білім бағытында жұмыс істеп, өзара жақындасып келеді. Қысқасы, біз өз тегі-тең, өзара жақындасып келеді.

Мізді, ізімізді, тарихымызды ізлеп, өткен күндердегі ұлылығымызды қалпына келтіруге талпынып жатырмыз. Бұл — тамаша жетістік. Бірақ менің ойымша, толыққанды интеграция екі негізгі аспектке жақындасқанда ғана жүзеге асады. Олар экономикалық және идеологиялық тұрғыда жанаудан басталады. Осынау екі аспектісіз интеграция, өзара ынтымақтастық әрекеттер жайлы айту қиын. Өйткені экономика дегеннің өзі түркі халықтарының күнделікті тұрмысы. Экономикалық байланыстар, сауда-саттық тығыз болған сайын интеграция тереңдей түседі. Мұндайда интеграция автоматты түрде жүзеге асады. Ал қазіргі таңда, қайталап айтамын, интеграция саяси денгейде ғана жүріп жатыр. Алайда саяси интеграция өзара жақындаса түседе тым сенімді фактор емес. Меніңше, ең сенімді фактор экономикалық байланыстар болса керек. Біз өзара ешбір келергісіз сауда-саттық жасап, елдеріміздің арасындағы тауар айналымы миллиардтаған доллардан асқанда халық өмірі-ақ интеграция процесіне қатысады. Халық жақындаса түссе, мемлекет, үкімет онысы да сол бағытты ұстайды. Ал интеграцияның екінші маңызды аспектісіне немесе табыс факторына келсек, ол — идеологиялық жақындық. Түркі халықтары тегіміз бір, қандас, бір отбасы, бірегей қауым екенімізді, түбіміз бен тегіміз бір, бір атаның балалары екенімізді, мемлекеттеріміз ұстанған саяси бағыты әртүрлі болғанымен, бәріміз бір бүтін екенімізді толық түсінген кезімізде интеграция жылдам өрі тиімді сипатта жүзеге асады. Әзірге түркі мемлекеттерінің әрқайсысында өз ұстанымы, өзінің векторы бар. Айталық, Түркия батысқа көп қарайлады, Қырғызстанның бағыты басқа, Қазақстанның ұстанымы, Өзбекстанның көздегені бөлек дегендей. Түркіменстан жабық позицияда, бұйығы өмір кешіп жатыр. Демек, әзірге біз идеологиялық тұрғыда өзара бауырластығымызды толық сезінбей жатырмыз. Рас, бұл жайлы биік мінберлерде жиі айтылады, бірақ бұқараның денгейінде көп сезіле қойған жоқ. Сондықтан түркі әлеміндегі идеологиялық векторды өзіміз қалыптастыруымыз керек. Бізге идеологиялық стратегия, бағдарламалар, ұрандар қажет. Тек содан соң ғана нағыз интеграция жүзеге асады.

**Аман МӘМБЕТӨЛІ,**

саясаттанушы (Қазақстан):

— Биылғы ТМҰ саммиті — мерейтойлық жиын. Алдағы саммит осы күнге дейін атқарылған құрар еңбектің, табанды қызметтің жемісі деп білемін. Мұны бірінші баға деп қоялық. Екіншіден, бұл — интеграцияның табиғи, эволюциялық түрде жүзеге асып жатқанының көрінісі. Өйткені бастапқыда түркі мемлекеттерінің даму бағыты, жолы, денгейі әртүрлі еді. Сондықтан интеграция процесі баяу дамуға. Яғни, қандай да бір құжатты қабылдау, белгілі бір мәселеге қатысты ортақ шешімге келу қиын еді. Қоғамға ықпал ететіндей ортақ құжат қабылдай алмағанбыз. Өйткені Түркі мемлекеттерінің даму денгейі әртүрлі болды. Олардағы қоғамдық құбылыстарда да, таным-түсінікте де айырмашылықтар болды. Бұл өз кезегінде интеграцияның мәдениетін бағыттағы бастапқы қадамдарының тым сәтті бола қоймағанын көрсетті. Біз енді ғана, өте ұзақ уақыттан кейін интеграцияда өзара түсіністікке қол жеткізген сияқтымыз. Мемлекет басшылары, тиісті мамандар интеграцияның нақты даму бағытын айқындаған сияқты. Әрі осынау бағыт қолденгейлі, көпсалалы сипатымен ерекшеленді. Осыдан біраз бұрын ғылыми, мәдени бағытта көп жұмыс жасалып, біршама ортақ ұстаным пайда болса, түркі әлемінің экономикалық интеграциясы енді басталып келеді. Меніңше, бұл — үлкен жетістік. Бұйырса, жуық арада Түркі инвестициялық қоры өз жұмысын бастайды. Бұл дегеніміз — Еуропа, Азия даму банкітері немесе Халықаралық валюта қоры сияқты сипаты бар құрылым болады деген сөз. Тамаша бастама. Қазақстан Парламенті бұл қорды құру туралы келісімді ратификациялады. Менің білуімше, жарғылық капиталы 500 млн доллардан басталуға тиіс. Мұны түркі интеграциясындағы жаңа қадам деп білемін. Алдағы саммитте де өзара байланысты күшейтетін кезекті шешім қабылданатын шығар.

30 қазанда Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы stat.gov.kz ресми сайтында 2021 жылғы халық санағының соңғы қорытындыларын жариялады. Бюро ұсынған «Қазақстан халқы» жинағының бірінші және екінші томы бойынша талдау қорытындыларына сәйкес, Қазақстан халқы 2009 жылдан бері, яғни 12 жылда 20 пайызға өскені белгілі болды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Сонымен қатар Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, үш аймақта — Алматы облысында (2 146 576), Түркістан облысында (2 054 021), Алматы қаласында (2 030 285) халық саны 2 миллион адамнан асты. Ал халық санының ең көп өсімі Астанада екі есе (613 мыңнан 1 млн 234 мың адамға дейін), Шымкентте 1,5 есе (730 мыңнан 1 112,4 мың адамға дейін), Маңғыстау облысында 1,5 есе (485 мыңнан 735 мың адамға дейін) байқалған.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері қоғамдағы құрылымдық қайта құрулар, саяси-экономикалық жаңғырулар, демографиялық өсім, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, ішкі-сыртқы миграция және тағы басқа салаларда көптеген өзгеріс болды. Ол өзгерістер негізінен жалпыұлттық санақ нәтижелерінен анық көрініс береді. Еліміз тарихындағы



ҚАЗАҚ ҒӘМ УРБАНИЗАЦИЯ

кана емес, халықтың саны мен сапасының өсуі де мемлекеттің қауіпсіздігі мен елдік мұраттардың өзегі саналады. Президент

халқының үлесі 43,9 пайыздан 38,8 пайызға дейін азайғаны туралы да апарат тарайды. ХХІ ғасырда урбанизация әлемдік тренд болғанымен, қазақ ауылдары мен шекаралық аймақтардағы жағдайды да естен шығармаған абзал. Халық қалаға үдері көшкенімен, мұнда күтіп тұрған «жылы-жұмсақ» жоқ екені белгілі. Урбанизация процесінің артуы мен ішкі миграция әсерінен қалаларда денсаулық және білім беру салаларында мәселелердің қордалануы, жұмыссыз жастар немесе қара жұмысқа жетілген жастар қатарының көбеюі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың күрделенуі секілді бірқатар проблема туындап отырғаны жасырын емес. Сондықтан ауыл халқын қалаға сабылтып, шағын қалаларды дамыту арқылы халықты соның айналасындағы ауылды жерлерде тұрақтандыруға баса назар аудару керек сияқты. Өйткені ертен халық саны 20 миллионға жеткенде қалаларымыз урбанизация талаптарына жауап бере алмай қалмай ма деген сұрақ туындайды. Сонымен қатар урбанизация процесі

тиімді болу үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек? Ал ауылды дамыту үшін қандай жұмыстар жүзеге асуы тиіс деген сұрақтар ойландырмай қоймайды.

Cityzen Space қоғамдық қорының директоры, урбанист, аумақтық даму маманы Анель Молдахметованың айтуынша, урбанизация — адамдардың өз өмірінің сапасын жақсартуға ұмтылуымен байланысты табиғи процесс. Өкінішке қарай, көптеген өзгеріске байланысты қазір қазақстандықтарға мәдени даму мен өрлеуге көбірек мүмкіндік беретін ірі қалалар ғана.

— Урбанизация процесіне тосқауыл болу мүмкін емес. Бұл — әлем халықтарына тән үрдіс. Сондықтан Қазақстанда ауылдарды дамыту үшін жай ғана аграрлық экономиканы дамыту жеткіліксіз. Халықты қалаларға не тартатынын түсіну маңызды және ауыл тұрғында-

бір-біріне қосылды. Ал Орталық Қазақстанда Қарағанды, Астана қаласы агломерациясы жасалып жатыр.

— Мұның жақсы жағы да, қиын жағы да бар. Ауылдарда өнеркәсіп болмаған соң мемлекет ауыл шаруашылығына, мал шаруашылығына, егіншаруашылығына көмек беріп жатыр. Әйтсе де, оны игеруде мәселе көп. Сондықтан болар, халық бес агломерацияға жиналуда. Әсіресе, Алматы мен Астанаға көп кетіп жатыр. Қалаларда жұмыс табуға болады. Бірақ баспана мәселесі күрделі. Иә, агломерация жақсы шығар. Десе де, агломерация индустриялық аймақтарға тән құбылыс болуы керек. Біздің көп қалада өндіріс жоқ. Тек сауда-саттық, алып сату экономиканы немесе халықтың әлеуметтік-тұрмысын түзмейді. Қалаларда шағын өнеркәсіпті көбейту керек. Өндіруші өнеркәсіп дамуы керек. Демографиялық тұрақты өсім қалыптасты дегенмен, жастарға ешқандай жағдай жасалған жоқ. Олардың басында баспана жоқ. Пәтерден пәтерге көшіп жүріп отбасын құрып, бала туу, оны өсіру үшін мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде жағдай жасалмаған. Содан болар, жастар арасында ажырасу көп. Осы ретте әлеуметтік салмақ сөзсіз қала әкімдіктеріне түседі. Әлеуметтік мүмкіндіктер, инфрақұрылымның кенеюі, қоғамдық қарым-қатынастың күрделенуі сияқты құбылыстар дер кезінде орындалып отыру тиіс. Әйтпесе, халықтың иығына түскен салмақ жеңілдемейді, — деді профессор Аманжол Боранбайұлы. Бүгінде агломерация негізгі бес қалада жүргізіліп жатқанымен, мемлекет моноқалаларды дамыту бойынша жұмыстарды да жүзеге асырып жатыр. Ұлттық экономика министрлігінің 2021 жылғы мәліметіне сәйкес, 2019 жылы «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» аяқталды, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде қабылданған өзгерістер бойынша «Қазақстанның 2023 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары» бекітілді. Мемлекет басшысы моноқалаларға қатысты мемлекеттік саясатты қайта қарау, олардың одан әрі дамуына және онда тұратын халыққа қолдау көрсетуді тапсырды. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрілігі моноқалаларды дамытуға кешенді тәсілді қолдану мақсатында және жаңа шараларды жүйелеу, іске асыру үшін тиісті Жол картасын әзірлеп жатыр.

Осы ретте Ұлттық статистика бюросы жариялаған «2021 жылғы халық санағының» соңғы қорытындылары негізінде еліміздің жаңа жоба-жоспарлары жасалатын болар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында 2023 жылдың соңына қарай ел халқының саны 20 миллионға жететіні туралы сүйіншілеген болатын.

2021 жылы өткен үшінші жалпыұлттық санақ нәтижелері урбанизация процесінің белең алғаны және үлкен қалаларда халық санының 2 миллионнан асқаны туралы жаңалықтарды жария етті.

Мемлекет құрудың басты кілті қуатты экономика, айбынды әскер, шегенді шекара, тендессіз мәдениет пен руханият

Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында 2023 жылдың соңына қарай ел халқының саны 20 миллионға жететіні туралы сүйіншілеген болатын.

Санақ қорытындысына сәйкес, қала халқының саны ұдайы өсіп, 56,1 пайыздан 61,2 пайызға көтерілгені, тиісінше ауыл

Атырауда мұнай-газ-химия кластерін құрудың алғашқы кезеңі басталды. Еліміздегі тұңғыш газ-химия кешені осыдан тура бір жыл бұрын ашылған болатын. 2022 жылы 8 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысына жұмыс сапарында Kazakhstan Petrochemical Industries Inc ЖШС-на қарасты біріктірілген газ-химия кешеніне іске қосты.

Бауыржан БАЗАР

Газ-химия кешені — біздің ел үшін ұзақ күткізген жоба. Өйткені Қазақстан көмірсутегі шикізатының қорына бай жиырма мемлекеттің қатарына кіргенімен, мұнай мен газдан алынатын дайын өнімнің 90 пайыздан астамын сырттан импорттап келді. Ендігі қарекет — осы олқылықтың орнын толтыру.

Атырау қаласынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан КРІ зауыты «Теңіз» кен орнында өндірілетін шикізатты (пропан) сутексіздендіру қондырғыларында өңдеп, полимерлеу арқылы түйіршіктелген полипропилен өнімін алады. Заманға сай Lummus, Satofin және Novolen технологиялары негізінде жұмыс істейтін кәсіпорын полипропиленнің нарықта ең көп таралған, бағасы арзан 11 түрін шығарады. Зауыттың жылдық қуаты — 500 мың тонна, бұл әлем бойынша полипропилен өндірісінің 1%-ын құрайды. Дүниежүзінде мұндай ірі әрі жанашыл кешен Сауд Арабиясы, АҚШ, Бельгия, Оңтүстік Корея және Қытай секілді бес елде ғана бар.

Айта кетейік, полипропилен — құрылыс, машина жасау, медицина, электр техникасы және орама материалдар, контейнерлер, талшықтар, құбырлар, кеңсе жабдықтары, бақша, кеңсе жиһаздары өндірісінде, сондай-ақ тоқыма және тамақ өнеркәсібінде қолданылатын негізгі шикізат.

Кәсіпорын бүгінде полипропиленнің ПП Н 030, ПП Н 031, ПП Н 120 маркаларын өндіріп жатыр. Зауыттан шыққан өнім Еуропа елдеріне, Қытай, Түркия және Ресейге экспортталауда.

Сыртқы нарықтан бөлек, бұл өнімге сұраныс өзімізде де жыл сайын көбейіп келеді. Қазақстанда ТКШ, автомобиль жасау, құрылыс, медицина сияқты стратегиялық маңызы бар салалар үшін полимер бұйымдарын шығаратын 130-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Осыған орай соңғы бес жылда полимерлерге ішкі

ПОЛИЭТИЛЕННЕН ДЕ ПАЙДА БАР



сұраныс екі есеге өсіп, қазіргі жылдық қажеттілік шамамен 240 мың тоннаға жеткен. Оның 67 мың тоннасы полипропилен, 173 мың тоннасы полиэтилен нарығына тиесілі. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанда полимерлер нарығының орташа жылдық өсу қарқыны 4%-ға жетті, демек КРІ зауытының өніміне деген сұраныс та ұлғая бермек.

Компания 631 адамды жұмыспен қамтып отыр. Одан бөлек, мердігер компанияларда 1 000-ға жуық адам қызмет етеді. Атыраудағы газ-химия кешеніндегі тағы бір ауқымды жоба — полиэтилен өндірісі. Полиэтилен де жоғарыда жазылған полипропилен секілді шаруашылықта кенінен қолданылатын полимердің түрі. Ол жоғары тығыздықтағы полиэтилен (HDPE) және төмен тығыздықтағы полиэтилен (LDPE) болып бөлінеді. Соңғы жылдары оны жылыжай шаруашылығы, су құбыры, химиялық бұйымдар жасау, орау, қаптау ісінде жаппай қолдана бастаған. Сол себепті әлемде полиэтилен өндірісі 2018-2022 жылдар аралығында 20,5%-ға артып, жылына 88 млн тоннадан 106 млн тоннаға жетіп отыр. Яғни, өндірістің жылдан-жылға өсуі сұраныстың да көбейгенін көрсетеді. Қазақстандағы бірегей зауыттың құрылысы 2024 жылы басталып, 2028 жылы толық аяқталады деп

күтілуде. Кәсіпорынның перспективалық қуаты жылына 1,25 млн тонна өнім өндіруге негізделген. Кәсіпорынның 90%-ға жуық өнімі шетелге экспортталады деп болжанып отыр. Аталған жобаны жүзеге асыруға Ресейдің «Сибур» және Қытайдың Sinopet компаниялары бірлесіп кіріскелі отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылы 18 мамырдағы ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында «Қаз-МұнайГаз» ҰҚ АҚ (KMG) және China Petroleum & Chemical Corporation (Sinopet) Атырау облысындағы полиэтилен жобасын бірлесіп іске асыруға қатысты Қағидаттар туралы келісімге қол қойды. Құжат Sinopet-тің жобаға «Сибурмен» қатар тен құқылы серіктес ретінде кіруін көздейді. Осылайша, «Сибур» компаниясының жобадағы үлесі — 30%, Sinopet-тің үлесі 30% болады. Ал қазақстандық «ҚазМұнайГаз» және KMG PetroChem компаниялары 29,9% және 10,1% үлесін иеленбек. «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің ай-

туынша, Sinopet-тің жобаға тең құқылы серіктес ретінде кіруі компанияның мұнай химиясы нысандарын салу бойынша технологиялары мен сараптамасын пайдалануға, сондай-ақ болашақта Қытай аумағында дайын өнімді өткізуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін болады. Жобаға жұмсалатын қаражат көлемі техникалық-экономикалық негіздеме орай шамамен 7,7 млрд долларды құрайды.

Energy monitor қоғамдық қорының жетекшісі Нұрлан Жұмағұлов болашақта әлемдегі ең ірі 10 зауыттың қатарынан көрінуі мүмкін бұл жоба бір жағынан күрделі деп саналатынын айтады. «Жоба өте қомақты қаражатты қажет еткендіктен, Ресей мен Қытайдың екі алпауыт компаниясы инвестор ретінде қатысып отыр.

2023 жылы 27 қазанда Астанада өткен Energy Trends: Gas & Petrochemicals конференциясында баяндама жасаған KMG PetroChem ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Диаз Дияновтың айтуынша, газ бөлу кешені жылына 9,1 млрд текше метр құрғақ газ өндей алатын болады. «Нәтижесінде, Қазақстан алынған этанды жағудың орнына оны жылына 1,6 млн тонна көлемінде полиэтилен шығаруға жіберетін болады», — деді Д. Диянов.

Полиэтилен өндіретін зауыт арнайы экономикалық аймақта Теңіз кен орнына жақын маңдағы Қарабатанда салынатын болады. Себебі кешен үшін ресурстық база — Теңіз мұнай-газ кеніші. «Ендігі міндет — Теңізден Қарабатанға дейін 205 шақырымдық құбыр тарту. 2027 жылы кеніштен шыққан пропан осы құбыр арқылы жеткізіле бастайды, қазір ол теміржол арқылы цистерналармен тасымалдануда. Жалпы, Теңіз кенішінен шығатын газдың құрамында этанның мөлшері 14-16% көлемінде. Бұл — өте үлкен көрсеткіш. Жоғарыда айтқан газ бөлетін қондырғы мен құбырды тарту инфрақұрылым мә-



Мұндағы басты мәселе — ең алдымен Теңіз кенішінде газ бөлу қондырғысын салуымыз қажет. Оған шамамен 2 млрд доллардай қаржы керек. Ол инфрақұрылым мәселесі болғандықтан, оны салуға «Қаз-МұнайГаз» ұлттық компаниясы жауапты. Осы инфрақұрылымды дайындаған кезде барып аталған екі елдің компаниясы инвестициясын сала бастайды. Үлкен, күрделі жоба деп тұрғанымызның себебі сол», — дейді сарапшы.

селесі болғандықтан, оған отандық компаниялар жауапты», — дейді сарапшы Нұрлан Жұмағұлов.

Сарапшылар Қазақстанда полипропилен мен полиэтиленге сұраныс 2030 жылға қарай екі есеге жуық өсіп, жылына 400 мың тоннаға жететінін болжайды. Бұл тұрғыда ел Үкіметі полиэтиленнің премиум түрлерін шығарып, пластиктердің перспективалы нарығын дамытуға дер кезінде қам жасауда.



ОТАНДЫҚ КОМЕДИЯДА ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ ЖОҚ

Биыл шамамен 60-қа жуық отандық коммерциялық фильм жарыққа шықты. Расында, елге пайдасы жоқ, қағытпа қалжыңның орнына «тізесі шыққан» сюжеттерді көргенде халықтың қалтасы құр қағылып жатқандай әсер қалдырады. Кейбір әуесқой режиссерлер мен пайда көздеген продюсерлердің арасында кино түсіру өнерін бизнес көзіне айналдырғандары да жетерлік. Алайда көрермен назарына ұсынылып жатқан комедиялық фильмдердің сапасы мен талғам қалыптастырудағы ықпалының жөні бір бөлек. Бұл туралы Отандық кинотанушылар мен киносыншылардан сұрап білдік.



Дана ӘМІРБЕКОВА,
кинотанушы, Қазақстан киносыншылар қауымдастығының мүшесі:

— Кез келген фильм идеологиялық жүктемені көтереді. Себебі авторлар фильм арқылы әрқашан өз идеяларын, мәдени ерекшеліктерін, дүниетанымын, құндылықтарын бейнелейді. Өкінішке қарай, біздің коммерциялық

фильмдеріміз жанрлық әртүрлілікке ие емес. Бүгінде коммерциялық казак фильмінің бет-бейнесі — комедия. Онда да өте үстірт, дөрекі комедия. Кейде біздің комедияларымызда қызықты тақырыптар еленіп, ескерілмейді. Яғни, авторлар кино мазмұнын қалай толық ашуға болатынын білмейді. Қазір коммерциялық фильмдеріміздің басым бөлігі комедиялық жанрда ғана түсірілуде. Олар Голливуд пен Болливудтың әбден жауыр болған сюжеттеріне құрылған таптаурын шаблондарының әлсіз көшірмесі ғана. Жоғарыда айтқанымыздай, коммерциялық фильмдердің сапасы өзгеріп кетті.

Оған себеп — біріншіден, тәжірибесіз режиссерлердің көптігі. Кино түсіру үшін киноның әліппесін оқып, киноның тілін түсіну керек. Кино сапасы — негізгі ой мен оның көрермен назарына ұсынылу шеберлігімен ұштасуында. Екіншіден, бізде ұлттық идентификацияның жоқтығы байқалады. «Менің атым Қожа», Тақиялы періште» фильмдерін көргенде казак даласының иісі аңқып тұрады. Ал қазіргі комедиялық фильмдерде ұлттық болмысымызды дәріптеп, құндылықтарымызды қалыптастыратын белгілі бір архетип жоқ. Қазіргі казак комедиялары тек казак актерлерімен ғана таныс. Сюжеті Голливуд пен Болливудтікіне ұқсап кеткені соншалық, қай елдің киносы екенін ажырату қиын. Бұл да коммерциялық фильмдеріміздің әлсіз тұсы.

Ержан ЖҰМАБЕКОВ, кинотанушы:

— Қазір кинотеатрлардан отандық коммерциялық фильмдердің көп көрсетілуі біз үшін қуанарлық жағдай. Себебі бұл жанрдағы фильмдер арқылы казак киносына қызығатын көрермен саны да артып отыр. Комедия бағытындағы коммерциялық фильмдер түсіруде продюсерлер мен режиссерлер тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылғанын жоққа шығара алмаймыз. Мұнда бір мәселе бар. Олардың сапасы мен көркемдік деңгейі туралы халықтың өзі де баға беріп жүр. Арзан сапада түсірілген фильмдерден көрермен шаршайды. Оларға әр түрлі тақырыптағы фильм қызығырақ. Қазір тек комедия емес, терең философиялық мәні бар фильмдер халықтың сұранысына ие.

Соңғы уақытта шыққан «Дос-Мұқасан» мен «Міржақып. Оян казак!» — соның дәлелі.

Баубек НӨГЕРБЕК, кинотанушы, Қазақ киносыншылар одағының мүшесі:

— Коммерциялық фильмдердің сапасы туралы айтар болсам, олардың визуалдық, дыбыстық шешім жағы бұрынғыдан әлдеқайда жақсы дамыған. Алайда фильмдердің бұл жағы жақсарғанымен, мазмұндық жағы әлі де ақсап тұр. Байқасақ, жарыққа шыққан комедия жанрындағы кинолар мазмұндас келеді. Олардың техникалық сапасы жақсы болса да, халық оны контент деп қабылдайды, себебі ол көрермен жандыда сақталмайтын дүние.

Коммерциялық фильмдер мазмұнының қайталануы 2016 жылы жарыққа шыққан «16 қыз» фильмінен кейін жалғаса бастады. Коммерциялық фильмдердің негізгі идеологиясын нақты айту мүмкін емес. Өйткені кино түсірушілер идеологияға бас қатырғаннан гөрі көбірек табыс табуы ғана көзделді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚУАНТАДЫ

Түркістан облысында соңғы жылдары өңірдің өл-ауқатын, экономикасын көтеру мақсатында көптеген жұмыс жүріп жатыр. Мәселен, кәсіпкерлерге қолдау көрсету, инвестиция көптеп тарту айтарлықтай жоғары деңгейге жетіп отыр. Атап айтсақ, инвесторларға жұмысын жүргізуге мүмкіндік жасау, отандық өнім өндіру мен жергілікті тауар өндірушілерді қолдау шаралары мен өңдеу салаларының дамуына аса мән берілуде. Осы бағытта бүгінде облыста көптеген ірі жоба қолға алынған. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің Түркістан облысына жұмыс сапары барысында белгілі болды.



Түркістан облысына табан тіреген Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин бастаған топ Сайрам және Ордабасы аудандарын аралап, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты. Сондай-ақ облыстағы бизнес қауымдастығымен кездесті.

Аудандарды аралау кезінде Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды өңірде мал бордақылау, ет экспорты, жылыжай шаруашылығындағы жобалар туралы айтып, кәсіпкерлермен кездестірді.

Вице-премьер Сайрам ауданындағы Nuryum Group ЖШС-де болып, кәсіпорын жұмысымен танысты. 2018 жылы іске қосылған кәсіпорын 14 мың мал басына арналған. Мал бордақылаумен және ет өңдеумен айналысады. Жоба қуаттылығы жылына — 5 мың тонна ет. Ет еліміздің өңірлерінен бөлек, Ресей мен Өзбекстанға экспортталады. Цех «БЖК 2020» бағдарламасы аясында қаржыландырылған. Мұнда 25 адам қызмет етеді. Сонымен қатар Астанадан келген жауапты тұлғалар Сайрам ауданындағы заманауи «Қайып ата» мал сою бекетінің жұмысын көрді. Аталған бекеттен шетелдерге ет экспортталады.

Кәсіпкер Сырым Ертаев жана ет комбинатын, мал базарын салу және жем-шөп шығару жобасымен таныстырды. Сонымен бірге ірі кара малдың ішек-қарны мен сүйегін, қанын терең өңдеп, біразын Қытайға экспорттау жоспарланып отырғанын жеткізді. Жобаларына қолдау көрсетуді сұрады. Премьер-Министр орынбасары мәселе назарға алынатынын айтты.

Премьер-Министрдің орынбасары мен облыс басшысы Ордабасы ауданы Бадам елді мекенінде орналасқан «Бөрте Милка» сүт тауарлар фермасында болды. Ферма сиыр сүтін өндірумен және өңдеумен айналысады. Өндіріс орны тәулігіне 9 тонна сүт өндіреді. Бұдан бөлек, тәулігіне 50 тонна сүт өңдеп шығарады. Мұнда 100-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорында Венгриядан арнайы әкелінген асылтұқымды ірі кара малдардың сүттері өңделеді. Зауытта Швеция және Италия мемлекеттерінен дүниежүзіне әйгілі компанияларының құрал-жабдықтары орнатылған. Сүт зауыты 2017 жылдың желтоқсан айында іске қосылды.

Сүт фермасының маңында Түркістан облысында сүт өңдеу саласына қатысты жобалар таныстырылды. Кәсіпкерлер тарапынан өтініштер мен ұсыныстар берілді.

Вице-премьер Серік Жұманғарин мен облыс әкімі Дархан Сатыбалды Шұбар ауылдық округінде орналасқан көкөніс өндірумен айналысатын ЖК

Түлебаев Мейрамбек жылыжай кешенінде болды. Жалпы, жер көлемі 10 гектар аумақта орналасқан жылыжайдың инвестициялық құны — 300 млн теңге. Жоба 2018 жылы іске қосылған. Мұнда 30 адам жұмыс істейді. Жеке кәсіпкерлік жылына 500 тонна өнім өндіреді.

Жылыжай шаруашылығымен айналысатын азаматтармен кездескен басшылар жұмысқа кедергі келтіретін факторларды бүкпесіз айту керектігін жеткізіп, жеке кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан тұрақты қолдау болатынын атап өтті. Шаруалар мен кәсіпкерлердің өтініштерін тындады. Жылыжай шаруашылығына мемлекеттік қолдаулар күшейтілгені, оның шарттары туралы да мағлұмат берілді. Бүгінде өңірде жылыжайларға қолдау күшейтіліп, көмір мәселесі реттелген. Бұл бағытта жұмыс жалғасады.

Аудандардың тыныс-тіршілігімен танысқан Серік Жұманғарин облыс әкімі Дархан Сатыбалдымен бірге Түркістан облысының бизнес қауымдастығымен кездесті. Ашық диалог алаңында отандық өнім өндіру мен жергілікті тауар өндірушілерді қолдау шаралары мен өңдеу салаларының дамуы туралы мәселелер жан-жақты талқыланды. Өз кезегінде инвесторлар жобаларын таныстырып, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулармен таныстырды.

Жиын барысында белгілі болғандай, өңірде инвестиция тарту мақсатында ірі жобалар іске асырылуда. Премьер-Министрдің орынбасарына Түркістан облысына қарасты Келес ауданындағы ірі жылыжайдың жобасы жайлы баяндалды. Жоба аясында 42 млрд теңге көлеміндегі инвестиция салынып, құнбағыс өндірісін дамытуға атсалыспақ. Жоба аясында 51 гектардан астам жылыжай салынады. Аталмыш жылыжай құрылысының алғашқы кезеңінде 1 мыңға

жуық жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылмақ.

Түркістан облысында еліміздегі ең ірі мұнай зауыты салынып жатыр. Келер жылы іске қосылатын Standart Petroleum & Co компаниясы қуаты 2 млн тонна болатын мұнай өңдеу жобасын жүргізуде.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин өңірдің бұл бағыттағы даму қарқынын жоғары бағалады. Жаңа жобалардың жүзеге асуына мемлекет тарапынан қолдаудың қаралғанын атап өтті.

Түркістан облысында құны 722 млрд теңге болатын «Өгем өзенінде су электр стансасының қаскады» салынууда. Аталған жоба іске асқан жағдайда облыстың оңтүстігіндегі тұрғындар түбегейлі ауысуымен толық қамтамасыз етіледі. Облыста 136,6 млрд теңгенің химиялық кешені салынууда. Бұл кәсіпорында қауіпсіз салынууда. Бұл кәсіпорында калцие карбиді, цемент шығарылады. Жаңа зауытта 1 мың жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ көмір-химия комбинаты іске қосылғаны айтылды.

Кездесу барысында мақта өңдеу және ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асатын бірқатар жобалар жайлы айтылды. Тоқыма кластарын дамытуға барынша күш салынғаны жайлы мәлімделді. Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін өңірдің индустриялық аймақтар және Turkistan арнайы экономикалық аймағы сияқты инвестициялық алаңдары бар, олар өз қатысушыларына түрлі салықтық жеңілдік пен преференция береді.

— Біздің мақсат — жаңа өндіріс орындары мен кәсіпорындар ашу арқылы жұмыс орындарын көбейту. Отандық өнімді молайту, кіріс көлемін арттыру. Бюджетке ғана сенім артпай, жаңа жобаларды жүзеге асырған жөн. Бұл ретте инвестиция-



ның маңызы зор. Сондықтан біз инвесторларға әрқашан ашықпыз және бірлесіп жұмыс істеуге, қолдауға дайынбыз. Түркістан облысының республиканың басқа өңірлерінен ерекшелігі — күннің ыстық және жылы күндерінің ұзақ болуында, — деді Дархан Сатыбалды.

Өңір басшысы инвесторларға инфрақұрылым мәселелері бойынша барынша қолдау көрсететінін атап өтті. Бұл жобалар облыстың бюджет түсімдерін арттыруға септігін тигізеді деп күтіліп отыр. Өз кезегінде кәсіп өкілдері өзекті мәселелерінің қолдау тапқанына алғыстарын айтты.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

Портты қала деген аты болмаса да, Атырауда біраз жылдан бері әжептәуір жұмысын атқарып келген жалғыз өзен порты біржола құлдырап, жабылып тынуы мүмкін. Порттың жұмысын Жайық-Каспий каналының тартылуы тоқтатып тұр.

2010 жылы порт түгелдей жанартылып, жылына 15 мың тоннаға дейінгі жүк тасымалына қол жеткізген болатын. Бірақ Жайық-Каспий табыны таязданып, соның салдарынан жүк кемелері тұрмақ, жеңіл қайықтардың қозғалысы шектелуі салдарынан порттың өлместің күнін кешіп жатқанына биыл үшінші жыл.

Өзен порты серіктестігінің директоры Азамат Зұлкарнаевтың айтуынша, Жайық-Каспий тамағында судың тартылуы — соңғы он жылдан бері көтеріліп келе жатқан проблема.

«Жайық-Каспий каналының теңізге құятын тұсындағы су деңгейіне қазу жұмыстары жасалмағандықтан, табыны таязданған. Сол себепті бізге тасымалдаушы кемелер кіре алмайды», — дейді өзен порты серіктестігінің директоры Азамат Зұлкарнаев.

Айтса айтқандай, қазір Жайық сағасының тереңдігі небәрі 20-30 сантиметр. Ал су түбін тереңдету жұмыстары қыруар қаржымен бірге кешенді жұмыстарды талап етеді.

Бір кездері логистиканың құрғатамырына айналған өзен порты осылайша соңғы он үш жылда тоқырауды екінші рет бастан өткізіп жатыр.

Жылына 15 мың тонна жүк қабылдауға қуаты шақталған порттың қызметіне алыс-таяу шетелдерден сұраныс көп. Себебі осы өзен порты арқылы ірі өндіріс ошақтарына қажет техникалық жабдықтардың негізгі бөлігі тасымалданады. Бірақ теңіз тамағының бітелуі порттың кен тыныста жұмыс істеуіне тұсау салып тұр.

АТЫРАУДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ПОРТ ЖАБЫЛУЫ МҮМКІН



«Өзен порты арқылы тасымал жұмыстарын жүргізуге берісі Әзербайжан, әрісі Иран, Түркиядан қызығушылық та, тапсырыс та бар. Олар Қазақстандағы мұнай секторларында жиналған күкірттерді теңіз арқылы экспорттауға ниетті. Бірақ теңіздің тартылуы себепті кемелер қайрандап калып жатыр», — дейді Өзен порты серіктестігінің директоры Азамат Зұлкарнаев.

Үш жылдан бері шығынға жұмыс істеп тұрған өзен портындағы жұмысшылар саны қазір 10 шақты маманның айналасы.

«Порт жұмысы дағдарып тұрғанына қарамастан, жұмысшылардың 100 мың теңге шамасындағы жалақысын сақтап отырмыз. Жайық — Каспий арнасының

мәселесі шешіліп, порт дағдарыстан шығатын болса, жалақы міндетті түрде көтеріледі. Бастысы, біз жұмыс болмаса да, мамандарды қысқартып немесе жалақыларын азайтуға жол бермей отырмыз», — дейді Өзен порты серіктестігінің директоры.

Қазір порт өзінің меншігіндегі қоймалар мен бетондалған ашық алаңды халықаралық Marmot мекемесіне жалға беру арқылы ғана күн көріп отыр. Яғни, жалға беруден түсетін ақы жұмысшылардың жалақы, коммуналдық төлемдер, порттың ішіндегі жалпы шығындарды өтеуге ғана жетуде.

Атырау облыстық Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Айдарбек

Зиноллаевтың айтуынша, Жайықтың түбін тереңдету жұмыстары Үкіметтің резервінен атқарылатын болады.

«Бұл жерде резервтен бөлінетін қаржыға сәйкес, конкурс жұмыстары емес, атқаратын компаниялармен келісімшарт жасқалатын болады. Өзен портының жұмысы жанданса, бұл маңға түрлі қойма салу жоспарда бар. Кәсіпкерлер тапсырыстарын алғанша келген тауар сол қоймада сақталмақ», — дейді билік өкілі.

Өзен портының «екінші тынысы» ашылатын болса, порт басшылығы жеміс-көкөніс сақтайтын қоймалар салуды, «Атырау — Астрахан» бағытында жүретін кеме ашуды, осы арқылы туризм бағытында жұмыс істеуді жоспарлап отыр.

Тіпті, «Қашаған» кен орнындағы жұмысшыларды порт арқылы тасымалдау да жоспарда бар.

Шынын айту керек, жүкті өзен порты арқылы тасымалдаудың экономикалық тұрғыда да пайдасы жоғары. Мәселен, Атыраудағы Өзен порты 2015 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытындағы қайта құру жобасы бойынша ауқымды емес жүктерді қабылдады. Сондай-ақ «Тенішсервюйл» компаниясы, Қарабатандағы NCOС және Атырау жылу электр орталығы жобасы үшін де тасымал жұмыстарын атқарды. Ауыр габаритті жүктерді су жолымен тасымалдаудың тиімділігі сол, бір баржаға мың тоннаға дейін зат салып, оны жедел түрде қысқа мерзімде, тиімді бағамен алып келуге болады. Ал ауыр жүк көліктеріне құбыр сияқты ірі көлемді жүктерді сыйдырудың өзі ескітайды.

Өзен жағасының тым таяздығы, өзен портымен бірге өндіретін балық шаруашылығына да кесірін тигізіп отыр. Өйткені «Атырауда өндірілген» брендтерді балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар бұған дейін ішкі және сыртқы нарыққа порт арқылы жөнелтіп келген. Қазір Атыраудың атқарушы билігі Каспийдің Жайыққа құяр сағасының түбін тереңдету үшін арнайы құжат жасақтады. Оны іске асыруға 16 млрд теңге қажет.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жақында ел Үкіметі ішкі су жолдарының дамуына 2030 жылға дейін 64 млрд теңге инвестиция тартуды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Нәтижесінде, 22 портты жаңғырту көзделіп отыр.

Бір кездері Гурьев өзен порты ретінде құрылып, тарихы сонау 1927 жылдан бастау алатын Атырау өзен портының болашағына Үкімет құятын инвестиция оң әсерін береді деп сенейік.

Баян ЖАНҰЗАКОВА

ҚЫЗЫЛША ДЕРТІ АСҚЫНЫП ТҰР

Соңғы кездері Сыр өңірінде қызылша дерті өршіп тұр. Жыл басынан бері облыс аумағында бұл ауруға душар болған халықтың қарасы қалың.

Облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сәйкес, 2023 жылдың басынан бері лабораториялық зерттеулер нәтижесімен өңірде қауіпті індеттің 619 жағдайы тіркеліпті. Нақтысын айтқанда, 531 жағдай 14 жасқа толмаған балаларда белең алса, оның ішінде 146 жағдай 1 жасқа дейінгі бүлдіршіндер арасында асқынп тұр. Ал ересек тұрғындардан 88 науқас анықталған.

Мамандардың айтуынша, қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмаған жандар. Әсіресе, көп жағдайда екпеден бас тартқандар дертке душар болып, зардабын тартып жатқаны белгілі болып отыр.

«Катерлі індетке қарсы қажетті екпе алмаудың салдары дерттің асқинуына соқтырып тұр. Соның ішінде вакцинадан бас тартқан тұрғындардың үлесі өңірде 44 пайызға жеткен. Сондай-ақ тиісті мерзімде жоспарлы вакцинаны алмай жүргендердің көрсеткіші 3,5 пайызды көрсетеді. Бұдан бөлек, 78 науқастың қызылшаға қарсы иммундық мәртебесі белгісіз екені анықталды. Бұл да өз кезегінде аурудың жылдам таралуына жол аша түсті. Жалпы, қызылша індетінің қауіптілігі Қызылорда облысы ғана емес, еліміздің көптеген аумағында айқын сезіледі. Соған орай індеттен сақтану және алдын алу шараларын күшейтпесе, жағдай біз ойлағанның әлдеқайда қиындай түсуі мүмкін», — деп түсіндірді бұл жайында Қызылорда облысының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Динара Жанбабергенова.

Департамент басшысы өз кезегінде ауырғандардың ішінде екпе алғандар да кездесетінін айтты. Дей тұрғанмен, індетті жұқтыруы қызылшаға қарсы екпенің толық курсына қабылдамауынан туындап отырғанын жеткізді.



Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

«Push Start» ЖШС БСН 190440004281 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Байқоңыр ауданы, 85 к., 7Б, тел.: 87020001080.

ТОО «Push Start» БИН 190440004281 соообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, ул. 85, д. 7Б тел.: 87020001080.

«Барлас-NS» ЖШС БСН 100440016239 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Алматы ауданы, Г. Мұстафин к., 7/1, 74 п., тел.: 87017491115.

ТОО «Барлас-NS» БИН 100440016239 соообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Г. Мустафина, д. 7/1, кв. 74 тел.: 87017491115.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Әлеуметтік саланың әлеуетін арттыруға барларын салып, бірде-бір жанның мемлекет қамқорлығы мен қолдауынан тысқары қалмауы жолында еңбек ететін әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі биыл да лайықты түрде атап өтілді.

Қазір Жетісу облысының әлеуметтік қорғау жүйесінде 3 мыңға жуық адам еңбек етеді. Осы саладағылардың кәсіби мерекелеріне орай оларға үлкен құрмет көрсетіліп, ел қамы үшін еңбек ететін жандардың мерейі тасыды. Облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев пен облыстық мәслихат төрағасы Гүлнар Тойлыбаева ең жауапты әрі нәзік саладағы көп жылғы жауапты жұмысы, мамандығына деген адалдығы мен жауаптылығы үшін «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, алғысхатымен 30-ға жуық адамды марапаттады.

— Мейірім, жауапкершілік, жанашырлық, шыдамдылық, еңбекқорлық, бұл — сіздердің бойларыңыздағы ең ізгі қасиеттер. Осы орайда сіздердің қарттар мен мүгедектерге, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға көрсеткен көмектеріңізді ерекше атап өтуге болады. Сондықтан бүгінгі тамаша мүмкіндікті пайдалана отырып, баршаның кәсіби мерекеміз құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, амандық, табыс тілеймін. Әрдайым еңбектеріңіз жанып, елдің алғысына бөлене беріңіздер — деген Гүлнар Тойлыбаева әлеуметтік сала қызметкерлерінің бұлай кезде көзге көп байқала бермейтін, шыдамдылық пен шынайылықты қажет ететін жауапты жұмысын айрықша атап өтті.

Жетісу облысының әлеуметтік қорғау саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін бірнеше аталым бойынша берілген марапаттан өңірдегі халықты қолдауға бағытталған шарапатты шаралардың бел ортасынан табылып, мейірімділік істерге ұйытқы болып жүретін үкіметтік емес ұйымдар да тысқары қалмады. Қимыл-қозғалысы кем мүгедектердің «Ерлік» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Роза Ақжарқенова «Үздік ҰЕҰ» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды, ал «Үздік медициналық-әлеуметтік мекеме» аталымында мүгедек балаларға арналған «Бәйтерек» күндізгі болу орталығы үздік деп танылды, ұйымдардың

әрқайсысына 300 мың теңге сомасына сертификаттар берілді. Текелі қаласының Grindstone ЖШС «Жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастырудағы үздік кәсіпорын» атанды, ал «Үздік мансап орталығы» аталымына Көксу ауданының мансап орталығы ие болды. Жоғарыда аталған үздіктерге 100 мың теңгенің сертификаттары тапсырылды. Азаматтарды әлеуметтік қорғауға, жұмысқа орналастыруға, оқытуға, саланы ақпараттық қолдауға және тағы да басқа тақырыптарға қатысты барлығы 10 аталым бойынша марапат өз иесін тапты.

Бүгінгі күні Жетісу облысында экономикалық белсенді халық саны артып келеді, әрі 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,2 есеге көбейген. Осы кезеңде жұмыссыздық деңгейі 5,1%-дан 4,8%-ға дейін төмендепті. Бұл көрсеткішке 15 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға бағытталған шаралар мен «Кәсіпкерлік» бағдарламасы ықпал еткен. Инклюзивті орта құру, маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылған. Мысалы, биыл Талдықорған қаласында аутизмді бар балаларға



арналған күндізгі болу орталығы және «Асар» спорттық-оңалту кешені, ал Алакөл ауданы әкімдігінің резиденциясы базасында 6 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арналған сауықтыру жазғы лагері ашылды. Алдағы жылы Талдықорғанда мүгедектігі бар адамдарға арналған 150 орынға есептелген оңалту орталығының құрылысы басталмақ.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Алақандай ауылдан шыққан өзі модель, өзі дизайнер кішкентай Мәриям Ишанғалиева әлемді мойындатып отыр. Қазақтың ұлттық киіміне «екінші тыныс» берген Мәриям небәрі 5-сыныпта оқиды. Бірақ шынашақтай қыздың сұлулығымен бірге, ұлттық киімге деген махаббаты оның даңқын сән әлемінің астанасы – Миланға дейін жеткізді.

МИЛАНДЫ МОЙЫНДАТҚАН МӘРИЯМ

Төрткүл дүниенің «мен» деген сәнгерлерін мойындатқан кішкентай модель Мәриям Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданының Көптоғай ауылында тұрады. Қазір осы ауылдағы Сәбит Мұқанов атындағы жалпы білім беретін мектепте оқып жатыр. Анасы Арайлым Қарабалаева кішкентай модельді мұндай биіктерден көреміз деп ойламағанын айтады.

«Мәриям бала күнінен суретке түсуге жақын болды. Аяғына менің туфлиміді киіп алып, «мен ханшайыммын» деп айнаның алдында жүретін. Мәриямның алғашқы «подиумы» үйдегі айна алдынан басталды десек те болады», — дейді анасы Арайлым.

Мәриямның модель ретіндегі мансабының басталуы да қызық болған. Көптоғай Ресеймен шекаралас орналасқан ауыл болғандықтан, жергілікті тұрғындар түрлі шаруамен көрші елдің Астрахан қаласына жиі барады. Мәриямды да ата-анасы алғаш рет Ресейге апарып, қарапайым фотосудияда фотосессия жасатқан.

«Сол кезде фотографтар Мәриямның ерекше образын байқап, біздің балаға фотобайқауларға қатысуға кенес берді. Сөйтіп, Мәриям алғаш рет кішкентай модельдердің онлайн конкурсына қатысып, бірінші орынды жеңіп алды», — дейді анасы.

Мәриямның дүниежүзілік деңгейдегі ең үлкен жетістігінің бірі — халықаралық сұлулық байқауында «Әлем моделі — 2022» титулын жеңіп алғаны еді. Ресейдің Сочи қаласында өткен байқауға әлемнің 109 елінен кішкентай модельдер қатысқан. Бірақ «Адай» күйімен қазақтың ұлттық киімін киіп шыққан Мәриям әділқазылардан бастап, барлық қатысушыны таңғалдырған.

«Байқау бірнеше турдан тұрды. «Танысу», «Лимузиндегі фотосессия» сияқ-



“

Мәриям көрсетілімге киіп шығатын киімдерінің эскизін өзі сызады. Тіпті, матасына дейін өзі таңдайды. Әлемнің сәнгерлері мойындап отырған Мәриямның киімдерін әпкесі Ботакөз тігеді екен. Ол Көптоғайға көршілес орналасқан Жасталап ауылында тұрады. Қандай жарыстарға барса да жеңіссіз оралмайтын Мәриямның құпиясы, анасының айтуынша, отбасының қолдауында.

ты турларда қазылар алқасы кішкентай қатысушылардың сахнадағы мінез-құлқына, киім киісіне, музыканы тандауына қарай бағалады. 109 жас модельдің ішінен Мәриямды ең үлкен титулға лайық деп тапқан қазылар алқасы ұлттық колоритті заманауи стильмен шебер үндестірген қазақ қызының образына жоғары баға берді», — дейді Арайлым.

Бір қызығы, Мәриям көрсетілімге киіп шығатын киімдерінің эскизін өзі сызады. Тіпті, матасына дейін өзі таңдайды. Әлемнің сәнгерлері мойындап отырған Мәриямның киімдерін әпкесі Ботакөз тігеді екен. Ол Көптоғайға көршілес орналасқан Жасталап ауылында тұрады. Қандай жарыстарға барса да жеңіссіз оралмайтын Мәриямның құпиясы, анасының айтуынша, отбасының қолдауында.

«Үйде жалғыз бала болған соң көңіліне кірбін түсіргіміз келмейді. Әкесі де, ата-әжесі де Мәриямның пікірімен санасамыз. Қатысқысы келген жарыстардың барлығына қатыстыруға тыры-

самыз. Бірақ қанша жетістікке жетсе де, қызымыз қарапайым, жанашыр мінезінен айныған емес. Бала болып қикарлануды білмейді. Сондай-ақ Мәриям, қашанда өзіне сенімді. Бұл қасиеттің де үлкен пайдасы тиді», — дейді анасы.

Осылайша, кішкентай Мәриям әлемнің түкпір-түкпірінде өткен халықаралық «Әлем жұлдызы — 2021» сұлулар байқауының бас жүлдесін, халықаралық жас модельдер байқауының «Топ модель — 2022» титулын, «Үздік модель — 2022» атағын, «Әлем сұлуы — 2023» байқауының және Ресейдің халық суретшісі В.Зайцевтың 85 жылдығына арналған Халықаралық байқаудың TEEN MISS COMMUNITY — 2023 номинациясы бойынша бас жүлдесін иеленді. Италия, Дубай және Малайзиядан да шақыртулар алды.

Қазір Мәриям — «Әлем жұлдызы», «Красавица земного шара» атты халықаралық сәндік конкурстардың амбассадоры, «Бақдәулет kids» балалар киім дүкенінің моделі.

Сұлулық байқауларынан бөлек, бос уақытында сурет салумен, хореографиямен де айналысады. Сүйікті пәні — математика. Қазақтың ұлттық киімімен бірге, күйлерін насихаттап жүрген кішкентай ханшайым оқуда озат. Математика, логика бағытындағы аудармалық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы.

Анасы Арайлымның айтуынша, Мәриям модельдер әлемінде мектепті аяқтағанға дейін ғана өнер көрсетеді. Мектеп бітірген соң Оңтүстік Корея еліне барып, медициналық білім алуды жоспарлап отыр. Болашақта Мәриям білікті хирург болуды армандайды.

Өзгелерге көмектесуге, қолындағысын бөліп беруге әрқазір тұратын Мәриям сезімтал, жанашыр болып өсіп келеді. Қазақ, орыс тілдерін еркін меңгерген Мәриям ағылшын тілін үйреніп жүр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ИНЕМЕН ЕМДЕУ — БӨЛЕК БІР ҒЫЛЫМ

Астанадағы Rixos қонақүйінде жоғары санатты дәрігер Нұршаш Нұрмұқаннның «Инемен емдеудің қыры мен сыры» кітабының таныстырылымы өтті.



Автордың айтуынша, бұл туынды ең әуелі кәсіби медицина мамандарына арналған. Ал медициналық білімі жоқ азаматтарға кешенді нұсқаулық кеңестерін үй жағдайында орындауға болмайтынның сөз етті.

— Инемен емдеу арқылы жүйке жүйесінің ауруларын, буын ауруларын және басқа да ауруларға көмегі үлкен болғандықтан, біз осы инемен емдеу ғылымын әрі қарай дамытып, теориялық негізін қалап, қазақ тілінде жүйелі кітап жазуды ойға алдық, — деген кітап авторы денедіне ине салатын арнайы орындар болатынын және инені қалай салу, қандай тереңдікте сұғуды да жақсы меңгеру керегін айтты.

«Кейбір тұстарға тереңірек сұғып жіберсе, оның пайдасынан зияны көбірек болады. Инемен емдеу жүйке жүйесі, буын ауруларына, инсульт алған жағдайында көмегі өте көп. Сондықтан инемен емдеу ғылымының теориялық негізін қалау мақсатында осындай кітап жазып шығаруды ойға алдық», — деді Нұршаш Нұрмұқан.

Оның айтуынша, әлі де болса инемен емдеу Қытайдағыдай қалыптаса қоймаған.

— Мысалы, Қытай медицинасында инемен емдеу өз алдына бір ғылым. Ол жақта бес жыл оқып қана қоймай, магистратурасын бітіріп, ғылыми зерттеп, қорғауға да болады. Ал бізде әлі де болса халықтық ем ретінде қабылданады. Оның үстіне, халық та тамыр ұстап, «өгің толған, ана жерің, мына жерің ауырды» деп зырылдап сөйлегендерге еріп кетеді. Соның салдарынан елімізде инеге қатысты жоқ азаматтардың емдеуі сансыз ауруларға қарай көбейіп жатыр. Сол себепті кез келген инемен емдеу орталығында маманның біліктілігін көрсететін Қытайдан сақтау министрлігі дипломы, сертификаты болуы керек. Соған сүйеніп отырып, Қазақстанның Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі лицензия береді. Алдымен осыған қарау керек. Екіншіден, білікті маман аурудың себебін алдымен медициналық тұрғыдан түсіндіріп, анализдерге талдау жасауы тиіс, — дейді дәрігер.

БОКСШЫЛАР РЕЙТИНГІ ЖАҢАРДЫ



Дүниежүзілік бокс қауымдастығы (WBA) барлық салмақ дәрежесі бойынша рейтингті жаңартылған нұсқасын жариялады.

Аса ауыр салмақта Иван Дычко бір саты төмендеп, 11-орынға сырғыды. Рейтингтің басына Деонтей Уайлдер жайғасса, екінші қатарда Конго ДР өкілі Мартин Баколе, үшінші орында ұлыбританиялық Энтони Джошуа тұр. Бұл салмақтағы әлемнің «супер чемпионы» — украиналық боксшы Александр Усик.

Екінші орта салмақта Бек Нұрмағанбет бір саты жоғарылап, 10-нан 9-орынға көтерілді. Үздік үштікті французиялық Кристиан Мбилли, канадалық Эрик Базинян мен ирландиялық Патрик Макрори түйіндеп тұр. Осы салмақтағы әлемнің абсолютті чемпионы — мексикалық Сауль «Канело» Альварес.

Бірінші жартылай орта дивизионда Батыр Жүкембаев 14-орын сақтап

қалды. Бұл салмақ бойынша WBA-ның әлем чемпионы атағы әзірге бос. Үздік үш үміткер ретінде ұлыбританиялық Охара Дэвис, АҚШ боксшысы кіші Кеннет Симс пен венесуэлалық Исмаэль Барросо ұсынылды.

Екінші жартылай жеңіл салмақта жұдырықтасатын Сұлтан Заурбек бір орынға төмен сырғып, 6-орынды місе тұтты. Көш басындағы америкалық боксшы кіші Ламонт Роуч ешкімге жол берер емес. Одан кейінгі орындарға грузиялық Отар Эраносян мен ирландиялық Джоно Кэрролл орналасқан.

Екінші жеңіл салмақта Евгений Павлов үздік төрттікті түйіндеп тұр. Өзбекстандық Муроджон Ахмадалиев бірінші, мексикалық Кевин Гонсалес екінші, украиналық Олег Довгун үшінші орынды өзара бөліскен. Бұл салмақта WBA категориясы бойынша әлем чемпионы — филиппиндік Марлон Тапалес.

Дайындаған: Ж.ЕДІЛ



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒСАБЫ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4370

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1

Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aiqyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор —
Бердібек ҚАБАЙ